- квалификативность (*nomina gualificativa*) как выражение качества или признака.

Так вот, опираясь на эту историческую универсальную классификацию видов словообразовательного значения, попытаемся проследить за участием модели слова в формировании той или иной смысловой серии дериватов и выяснить степень активности той или иной модели для отражения современной реальности. По наблюдению Ш.Курманбайулы [2, 6-28], в современной активной лексике казахского языка явно выделяются по частотности определенные категории слов. Так, по его утверждению, среди новообразований доминируют модели с суффиксами – лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік, которые, как мы далее установили, имеют в своем большинстве агентивное, акториальное и квалификативное значение. Остановимся более подробно на анализе именно этой доминирующей группы слов и продемонстрируем примеры. Агентивы: тілбұзарлық «нарушение норм языка», болжалдылық «прогнозируемость», менбілермендік «самонадеянность», көшірімпаздық «склонность к копированию», жатып-ішерлік «тунеядство» и т.п. Надо заметить, все приведенные примеры в своей основной морфеме восходят к глагольной основе, а, значит, выражают определенное действие. В большинстве иллюстративных примеров этой группы глагол находится в глубинной первичной основе, на которой уже создан в свое время дериват со значением акториальности или квалификативности, поэтому значение слова в целом может нести оттенок лица/предмета или признака, выражая абстрактное действие/состояние, как то: шығар-ма-гер-ші-лік «творчество». Посмотрим на некоторые устойчивые модели этих *nomina agentis*:

S + -құмар + -лық, где S – имя существительное, а регулярный конституэнт –құмар (болу)- рассматриваем как суффиксоид с латентным значением «иметь тягу к чему-л.» (атақ-құмар-лық «тщеславность»; көлік-құмар-лық «автолюбительство»; қызмет-құмар-лық «карьеризм»; арақ-құмар-лық «алкоголизм», бүлік-құмар-лық «бунтарство»);

S + V + -лық/-лік (-дық/-дік, -тық/-тік), где V – глагольная основа (қағаз-басты-лық «бумаготворчество», тіл-білгір-лік «знание языков», отан-сүйгіш-тік «патриотизм», көз-шалым-дық «зрительное восприятие», шешім-тал-дық «решительность»);

V + Suff (Suff...) + -лік/-лық (-дық/-дік, -тық/-тік), где Suff – словообразовательный суффикс (көшір-ме-ші-лік «плагиатство», қабылда-м-паз-дық «восприимчивость», шығар-ма-гер-ші-лік «творчество»);

Adj + V + Suff + -лік/-лық (-дық/-дік, -тық/-тік), где Adj – имя прилагательное (соқыр-сенім-ді-лік «фанатизм»); әсіре- + Adj + -дық/-дік(-тық/-тік, -лық/-лік) (әсіре-әлеуметшіл-дік «сверхсоциальность», әсіре-діншіл-дік «сверхрелигиозность», әсіре-мақтаншақ-тық «сверххвастовство», әсіре-ұлтшыл-дық «сверхнационализм»).

Хочется отметить межъязыковую гармонию в том, что при переводе на русский язык используются суффиксы, придающие слову значения «деятельность» - ств-, «движение» -ость, «учение» -изм.

Как было определено выше, в этой группе новообразований присутствуют и другие смысловые слои. Из общего корпуса, приведенного Ш.Курманбайулы, выделяются квалификативы. Автор тоже замечает, что в своей модельной основе дериваты могут содержать имя прилагательное как часть речи, передающую признак и качество, такие, как: діндар, жиыншыл, кісішіл, оясыз, орыстақы и др. [2,8]. Конечная модель деривата: Adj (S + Suff) + -лік/-лық (-дық/-дік, -тық/-тік) – жиын-шы-лық, кісі-ші-лік, оя-сыз-дық, дін-дар-дық и

пр. Однако здесь имеются и другие грамматические категории слов, которые в конечном деривате выражают признаковость. Примеры: дінаралық «межконфессиональный», жатыршілік «внутриматочный», тұлғаттық «портретный», зәкірлік «стратегический» и др. Если посмотреть в модель, имеющую особую продуктивность, то она следующая: S + -ара + -лық, где -ара – суффиксоид со значением «меж» (топаралық «межгрупповой», тіларалық «межязыковой», ұлысаралық «межэтнический», өңіралық «межрегиональный», қалааралық «межгородской» и т.п.)

Акториативы в этом корпусе не так многочисленны. Среди обнаруженных примеров имеются такие, как: болашақтық «болашаковец», жатжерлік «чужеземец», қаптаулық «кавказец», мұздық «льдина», сулық «плащ», үштік «тройка», обозначающие лицо или предмет. Модель: S + -лік/-лық (-дық/-дік, -тық/-тік), ввиду ее множественного значения, а доминирующим все же, как было уже описано выше, является агентивность и квалификативность, может привести к нарушению правильной раскодировки акториальности, поэтому, полагаем, необходимо знание контекста.

Таким образом, мы из-за краткости рамок одной статьи, рассмотрели моделирование лишь в одной доминирующей группе новых слов казахского языка. Но тем не менее можем гипотетически утверждать важность словесного моделирования для смысловой интерпретации языковой единицы. Умение моделировать внутреннюю структуру однозначно способствует вскрытию этимологического мотива появления словесного знака. А это очень важно не только при изучении языка и его лексики, как иностранной, но и для ориентировки самого носителя языка в массовых слоях новых лексических фактов. С целью проверки последнего нами проведен экспресс эксперимент на корректность распознавания новых лексических введений в казахском языке и выяснить наличие и роль прайминг-эффекта словесной модели. В качестве речевых стимулов был подобран корпус из 30 наиболее частых новых словоупотреблений из разных средств массовой информации. В экспресс эксперименте приняли участие 22 магистранта казахских групп обучения ЕНУ им. Гумилева в возрасте от 23 до 36 лет. Задание было: записать смысловую ассоциацию на звучащий стимул, если слово знакомо, указать его прямое значение и выделить слова, которые звучат относительно часто.

Итак, перейдем к анализу полученных результатов. Все ответы подразделены на категории в соответствии со степенью точности раскодированного значения. Параметры категоризации следующие: «правильный ответ», «правильное направление», «параллельное значение», «неправильное значение», «нет ответа». Ниже на схеме 1 изображен общий результат.



Как хорошо видно из таблицы, около половины предъявленных слов-стимулов распознаны респондентами правильно, а более, чем 20% слов определены в правильном смысловом пространстве. Однако 27% слов поняты неправильно или вообще пропущены как незнакомые. Теперь посмотрим, какие же новые слова оказались в лидерах с правильным восприятием у большинства респондентов. 100% правильно распознаны слова жұмыстас «коллега» и сенімхат «доверенность». Далее понятными оказались слова ауабаптағыш

«кондиционер» и жолсөмке «дорожня сумка». Здесь всего лишь по одному ответу были зафиксированы неправильно, что составило 95% распознавания. Новое значение получает слово лүпіл - «лайк». На него правильно отреагировали 91% опрошенных. Достаточно прижилось слово іс-тәжірибе «практика», с ним знакомы 86% респондентов. Вышеназванные единицы являются, таким образом, полноценными неологизмами в казахском словаре, имеющими явную тенденцию к закреплению. Если говорить о количестве респондентов, правильно понимающих предъявленные слова, то это 63% или 14 человек.

Проанализируем остальную лексику и попытаемся изобразить картину схематично.



Как видно на схеме, вырисовывается достаточно выразительная пестрая картина. Среднее положение, при котором до 50 и выше процентов респондентов правильно воспринимают значение, занимают 14 слов или 47% всей предъявленной лексики. Среди них, к примеру, такие, как: жапагер «страдалец», келермен «клиент», мөртабан «штамп», тісжегі «карьер» и др. Однако оставшаяся часть лексики, а это 16 единиц или 53% все же вызывают затруднения при восприятии и корректной раскодировке основного значения.

Эту часть, исходя из критерия корректности смыслового восприятия, можно далее подразделить на две группы: «приближенную к корректности семантики» и «далекую от корректности семантики». К первой группе относим 8 слов, воспринятых правильно от 5 до 10 респондентами. Среди них такие слова: атқарым «функция», бірегейлендіру «идентификация», өтіл «стаж», шығарылым «выпуск», топтам «серия, сборник» и др. Оставшиеся 8 единиц относятся, соответственно, к самой маргинальной части семантической корректности при восприятии. Так, среди самых сложных слов оказались следующие: қатегер «корректор». Его не распознали 17 человек, что составляет 77% от всех участников. Далее идет слово қолтума «оригинал», его не поняли 15 человек или 68% респондентов. В группе слов, которые оказались нераспознанными, такие, как: алқасөз «круглый стол», безен «дизайн», туындыгер «автор». Количество слов, представивших особую сложность как по модельной структуре, так и по содержанию, составило, таким образом, 27%. Если проанализировать модели этих некорректно воспринятых слов, то можно предположить причину такого результата. Достаточная прозрачность корневой морфемы почти всех этих слов дает ложную подсказку и направляет в другое русло семантики. Вернемся к понятию прайминга. Именно

оно здесь в качестве «подсказки» играет основную роль. Повторяемость и типичность как модели, а самое главное, выражаемого модельными компонентами значения, наталкивают на моментальное неправильное толкование слова. Так, к примеру, на стимул қатегер был дан ответ «қате жіберуші адам». Явное проявление прайминга. Модель «корневая морфема + суф. –гер/-кер» формирует акториальное значение: «человек с определенным родом действия» как то: қаламгер «писатель», ғарышкер «космонавт», саудагер «торговец», айтыскер «певец-импровизатор» и др. Этот опыт или «преднастройка» по О.Федоровой, относительно устоявшейся модели привел к так называемому отрицательному прайминг-эффекту. Читаем у О.Федоровой по этому поводу: «В случае, когда преднастройка ухудшает обработку целевого стимула, говорят об отрицательном прайминг-эффекте» [3,231]. Таким образом, явление психологического прайминга или преднастройки при восприятии новых лексических единиц может иметь как положительный (сенімхат ≈ алғысхат), так и отрицательный (алқасөз полученный ответ: «крылатое выражение» < қарасөз – «назидание») эффект.

Считаем, что при моделировании дериватов в современном казахском языке с учетом знаний о прайминге необходимо при полной прозрачности этимона включать дейктические (указательные) компоненты, способствующие корректному восприятию предполагаемого значения в ходе коммуникации. Если речь идет, к примеру, о «корректоре», тогда, как минимум, должна быть еще одна часть в казахском варианте – қатежөндегер (қатежөндеуші).

Таким образом, подведем краткие итоги всему сказанному. В целом восприятие новых моделей слов соответствует ожиданиям и выполняет свою вспомогательную функцию в коммуникативной деятельности, о чем свидетельствуют результаты эмпирического экспресс-исследования. При этом надо помнить, что моделирование новых слов из-за своей высокой значимости и непосредственной связи с отражаемым значением требует тщательной подготовки, соблюдения правил этимологизации, в особенности претендующих на определенный модельно-семантический прайминг. Модель содержит не только формальные элементы структуры нового слова, но и выражает определенный смысл, объединяя однотипные слова в единое семантическое пространство. Модели и процессы моделирования в современном казахском языке заслуживают дальнейшего широкого исследования.

Список литературы

- 1 Altmann, Hans Prüfungswissen Wortbildung. - Göttingen: Vandenhoeck & Ruprecht GmbH, 2011. - 220 p.
- 2 Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар мен қолданыстар. / Ш. Құрманбайұлы - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2017. - 285 б.
- 3 Федорова О. Экспериментальный анализ дискурса. / О. Федорова – Москва: 2014. - 512 с.
- 4 Падучева Е.В. Динамические модели в семантике лексики. / Е.В. Падучева - Москва: Языки славянской культуры, 2004. - 608 с. (Studia philologica)
- 5 Русско-казахский словарь /под ред Н.Т.Сауранбаева. – Москва:1954. - 935 с.
- 6 Dokulil. M. et al, Danes F. Tvořeni slov v češtině, II. Odvosovani postatnich jemen. - Praha, 1967. - 600 с.
- 7 Земская Е.А. Словообразование как деятельность. / Е.А. Земская - Москва: Изд-во «Ком-Книга», 2005. - 224 с.

А.Е. Бижкенова

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қазіргі қазақ тіліндегі туынды модельдеу

Аңдатпа. Мақала қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің ішкі және семантикалық мазмұнын зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелерін қамтиды. Жаңа сөз моделінің маңыздылығына ерекше көңіл бөлінеді. Модельдеуді жаңа тілдік бірлікті қалыптастыру үдерісінде негіз ретінде қарастыруды ұсынамыз, модельдің лингвомәдени ерекшеліктері ескеріліп, эмпирикалық түрде алынған жаңа сөз формаларын қабылдаудың нәтижелерін көрсетеді.

Түйін сөздер: номинативті белсенділік, модель, модельдеу, морфем, деривациялық мағынасы, модельдік парадигма, астау.

А.Ye. Byzhkenova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Modern modeling of the Kazakh Language

Abstract. The article contains theoretical and practical results of the study of the internal and semantic content of new words in the modern Kazakh language. Emphasis is placed on the importance of the new word model in its close relationship with the expressed value. The author offers to consider modeling as a basis in the process of forming a new language unit, notes the lingo-communicative features of the model, and also demonstrates the results of perception of new word forms obtained empirically.

Keywords: nominative activity, model, modeling, morpheme, derivational meaning, model paradigm, priming.

References

- 1 Altmann, Hans Prüfungswissen Wortbildung (Vandenhoeck & Ruprecht GmbH, Göttingen, 2011, 220 p.).
- 2 Sherubai Kurmanbayevich. New Titles and Applications (Sardar Publishing House, Almaty, 2017, 285 p.). [In Kazakh]
- 3 Fyodorova O. Experimental analysis of discourse (Moscow, 2014, 512 p.). [in Russian]
- 4 Paducheva E.V. Dynamic models in the semantics of vocabulary. (Languages of Slavic culture, Moscow, 2004, 608 p.). (Studia philologica) [in Russian]
- 5 Russian-Kazakh dictionary / edited by N. T. Sauranbayev (Moscow, 1954, 935 p.). [in Russian]
- 6 Dokulil. M. et al, Danes F. Tvořeni slov v češtině, II. Odvosovani postatnich jemen (Praha, 1967, 600 p.).
- 7 Zemskaya E.A. Word-building as an activity (Publishing house «KomKniga», Moscow, 2005, 224 p.). [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Бижкенова А.Е. - филология ғылымдарының кандидаты, профессор. Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан.

Byzhkenova A.Ye. - Candidate of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

XFTAP 17.71.07

Ж.Т. Дәулетбекова¹, П.Қ. Юсуп²

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ¹ayzhan.yusup@mail.ru, ²farhat.yusup.70@mail.ru)

Әдеби білім беру үдерісінде филолог-студенттердің интеллектуалдық құзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісінің нәтижесі ретінде студенттердің интеллектуалдық құзіреттілігін қалыптастыру мен дамытудың жолдары қарастырылады. Интеллектуалдық ұғымының негізінен психология ғылымына тән категория ретіндегі ерекшеліктері мен оның білім берудің нәтижесі тұрғысындағы маңызы да жан-жақты сараланады. Маманның белгілі бір пән саласы бойынша игерген білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде интеллектуалдық әлеуеттің қоғамдық қызметі, жеке тұлғаның кәсіби жетістіктері мен еңбекте атқаратын қызметі мен мәні де зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып қарастырылады.

Интеллектуалды құзіреттілікті тұлғаның интеллектуалдық жағынан кемелденуін білдіретін көрсеткіші ретінде қарастыру оның жоғарғы мектептегі білім беру кеңістігінде болашақ маманның алған білімінің нақты нәтижесі деп санаумен пара пар. Мақалада осы аталған мәселелер ғылыми тұрғыдан шешімін табады.

Түйін сөздер: интеллект, құзіреттілік, әлеует (потенциал), білім, білік, дағды.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-70-76>

Кіріспе. Бүгінгі жоғары білім беру нәтижесі ретінде құзіреттілік категориясы басты назарға алынуда. Өйткені болашақ маманның білім, білік, дағдылары мен кәсіби деңгейінің ең негізгі өлшемі олардың құзырлылық сапасы болып табылады. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында білім алған филолог-студенттің мамандық сапасы оның кәсіби және интеллектуалдылық құзіреттілігінен де танылады.

Негізінен «интеллект» термині белгілі бір ғылымның аясында ғана қызмет ететін немесе қарастырылатын ұғым емес. «Интеллект» сөзі ғылымаралық ұғымдардың қатарына жатады. Барша адамзаттың өмір сүру үрдісіндегі мәні зор көрсеткіш ретіндегі интеллекттің ғылыми анықтамасы мен түсіндірмесі әртүрлі ғылым саласында әрқилы болып келеді. Дегенмен, олардың барлығына ортақ түйін ол интеллекттің адамның ақыл-ой әрекетінің деңгейін танытатын көрсеткіш екендігінде.

«Интеллект» терминінің мәні (латынша «Intellectus») – «ақыл», «түсінік», «таным» дегенді білдіреді. Яғни ол адамның ойлау қабілетінің жемісі екендігі сөзсіз. «Интеллект» ұғымына берілген анықтамалардың бір парасы мынадай болып келеді:

Интеллект – адамның ойлай алу қабілеті;

Интеллект – мақсатқа жетуге бағытталған адаптациялық әрекеттің түрі.

Интеллекттің моделін құрушылардың өзі екіге бөлінеді. Олардың бір тобы бір факторлы модельді ұсынса, екінші топ мультифакторлы модельді ұсынады.

Интеллект латектілі құрылым болып саналады. Ол зерттеушіге әртүрлі жанама танымдар арқылы тапсырма шешу үшін берілген.

Тақырыптың өзектілігі. Бүгінгі таңда жоғары білім беру орындарындағы білім беруді ұйымдастырудағы түрлі жаңғырулар мен жаңартулардың басым бағыты жеке тұлға әлеуетін, маманның кәсіби деңгейін көтеруге негізделіп отыр. Сондықтан ЖОО-дағы білім беру үрдісі студенттің тұлғалық әлеуетін байыта отырып, оның негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыруға, олардың мәселені өз бетімен шеше алу қабілетін дамытуға, алған біліміне сүйенуге, интеллектуалдылық мәдениетін жетілдіруге бағытталады. Ал қазақ тілі мен

әдебиеті мамандықтарында мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін ең алдымен білім алушының интеллектуалдылық құзіреттілігін қалыптастыру маңызды болмақ. Біз мақаламызда «интеллект» ұғымының оқыту үрдісіндегі білім нәтижесі ретіндегі құзырлылық табиғатын анықтау мақсатын қойып отырмыз. Ол үшін кәсіби филолог маманның интеллектуалдық құзыретін қалыптастыратын негізгі әрі басты ұстанымдарды, оқыту мен білім берудегі жүйелі қызметтердің сапалық және мәндік сипатын анықтау бағытында іздендік.

Зерттеудің дереккөздері. Әйгілі психолог Жан Пиаже интеллектіні қарастырғанда басты назарын баланың танымдық әрекетінің механизмін зерттеуге бағыттайды. Балалардың ойлауы мен сөйлеуі бойынша зерттеулерінің нәтижесінде ол психикалық даму дегеніміз интеллектуалдық даму, ал психикалық дамудың кезеңдері дегеніміз ол жеке интеллектінің даму кезеңі деген қорытындыға келеді. Бұл дамудың мәні мен мақсаты қоршаған өмір шындығына бейімделуде онымен тепе-теңдікке қол жеткізу мақсаты тұрады. Оның ойынша, интеллектінің дамуы үш кезеңнен тұрады: «сначала формируются сенсомоторные структуры (система обратных действий), затем возникают конкретные операции (система действий выполняемых в уме), потом открываются возможности для формирования формальных операций» [1].

Пиаженің пікірінше интеллект дегеніміз – өмір сүру ортасына бейімделу құралы. Адам әлеуметтік ортада өмір сүре отырып оның тепе-теңдігін бұзып, қалыпты жағдайдан ауытқуына ықпал ететін әсерін сезінеді. Кез келген адам өзін қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатып, тиімді байланыс жасауға ұмтылатыны сөзсіз. Өйткені адам өзі тіршілік ететін ортадағы тепе-теңдікті сақтау үшін, кездесетін қиындықтарды шешу үшін өмірлік жағдаяттарға бейімделуі керек. Оның ойынша интеллект нақ осы мақсат жолында қызмет етеді екен.

Адамның интеллектуалдық әлеуетінің басты қызметі жолындағы осы тепе-теңдіктің механизмін ғалым ассимиляция және аккомодация деп санайды. Ассимиляция – бұрыннан қалыптасқан білік пен дағдыға сәйкес жаңа құралдармен жасалатын іс-әрекет. Аккомодация – осы білік пен дағдыларды өзгерген жағдаяттарға сәйкес өзгертуге тырысу. Аккомодация мен ассимиляция нәтижесінде адам психикасы мен іс-әрекетіндегі бұзылған тепе-теңдік орнына келеді, ал білік, дағды және жағдаяттар арасындағы сәйкессіздік жойылады. Ассимиляция мен аккомодация өзара тепе-теңдікті сақтап тұрған кезде адамнан парасатты мінез-құлық пен саналы әрекет күтуге болады. Ал бұл тепе-теңдік бұзылған жағдайда мінез-құлық пен іс-әрекетте интеллектуалдық қасиет кеміп, құрып кетеді. Бұл екі категорияның арасындағы іргелі тепе-теңдікті сақтап қалу өте қиын міндет және бұл мәселенің шешімі субъектінің интеллектуалдық дамуы деңгейімен тікелей байланысты.

Пиаже интеллекттің қалыптасуын баланың психикалық дамуындағы негізгі өзекті жүйе деп санайды. Өйткені барлық басқа психикалық үрдістер соған байланысты. Ол баланы интеллектуалдық жағынан қалыптаспаған адам деп санамайды. Ғалым баланың ойлау жүйесіндегі ерекшеліктерді көре білген. Сол себепті де өзіне осы ерекшеліктерді зерттеуді мақсат етті, оның заңдылықтарын түсінуге ұмтылды.

Адамның ойлау қабілетінің тілі шыққанға дейін-ақ қалыптасатынын түсіне тұра ғалым өз зерттеулерінде бала тілін қарастыруға көп күш жұмсайды. Балалар бақшасында жүргізілген зерттеулерде балалардың бос уақытында, ойын кезінде, сурет салғанда, ойыншықтар құрастырған кезде айтқан сөздері мен іс-әрекеттері түгелдей жүйелі түрде тіркеліп отырады. Пиаженің зерттеулері нәтижесінде алынған қорытындылар балалар тілін екі топқа бөлуге болатынын көрсетеді. Біріншісі, әлеуметтенген тіл. Әлеуметтенген тілде тілдік қатынасқа түсушілердің серіктесі тарапынан қарсы әрекет күту мүддесі көрінеді. Оның қызметі әңгімелесушіге әсер ету болып табылады. Бұл тілде сұрақ, жауап, сын, ақпарат, бұйрық және т.б. формалар болуы мүмкін. Екіншісі, өзімшіл (egocentric speech) тіл. Бұл тіл баланың тура сол кезде не ойласа соны айтуын білдіреді. Ол бұл кезде әңгімелесуші

оны тындап тұр ма, оның көзқарасы қандай деген мәселеге назар аудармайды. Бұл сөйлеу тілінде қайталау, монолог сияқты формалар жиі ұшырасады. Ғалым өзіміздік тілдің қызметі экспрессивті көңіл-күймен байланысты деп санайды.

Зерттеу нәтижелері. Интеллектуалдылық құзіреттілік ұғымы негізінен психологиялық еңбектерде көп қарастырылады. Жалпы психологияда адамның интеллектуалдылық ерекшелігін сипаттау үшін пайдаланылып келген категориялық аппараттар адамзат қоғамының бүгінгі даму деңгейіне және интеллектуалдылық мүмкіндіктердің сол қоғамдағы атқаратын рөлінің артуына сәйкес келмей отыр.

Адамның интеллектуалдылық әлеуеті мен мүмкіндіктерін әр қырынан зерттеген Р. Глейзер, У.Шнайдер, Д.Равен, М.Холодная сияқты ғалымдардың пікірлерінің негізгі өзегі бір деуге болады. Аталған ғалымдардың еңбектеріндегі түрлі тұжырымдарды саралай отырып, мынадай қорытындыға келуге болады: интеллектуалдылық құзірет дегеніміз субъектінің белгілі бір пәндік саланы меңгеру деңгейін анықтай отырып, арнайы пәндік білім алуды ұйымдастырудың ерекше түрі мен осы пән саласы бойынша қажетті шешімдерді тиімді қабылдау стратегиясымен сипатталады.

Интеллектуалдылық құзіреттіліктің өзі адам интеллектісі мен оның перцептивті-аналитикалық қабілетімен танылады. Оған жеке тұлғаның алынған ақпаратты өңдеу және қабылдау қабілеті, логикалық ойлау жүйесі, заңдылықтар мен қағидаттарды түйсіну қасиеті, іс-әрекеттік қызметі, практикалық мәселелерді жылдам әрі оңтайлы шешу қабілеті және концептуалдық икемділігі жатады. Бұл қабілеттер басты базалық түсініктер ретінде қарастырылады және де тұжырымдалған, негізделген жауапты шешімдерді қабылдауда оң нәтижеге қол жеткізеді.

М.Холодная «құзіреттілік дегеніміз кейбір нақты пән саласы бойынша жинақталған білім ғана емес, сонымен бірге тұлғаның жалпы интеллектуалдылық дамуын да танытады» деп санайды. Оның пікірінше, адамның ақыл-ой тәжірибелерінің қалыптасу кезеңдерін бірнеше деңгейлерге жіктеуге болады. Мәселен, когнитивтік тәжірибе кезеңі, яғни ақпараттарды тиімді өңдеу механизмдер деңгейі; метакогнитивті деңгей – тұлғаның өз интеллектісінің ерікті және еріксіз орындалу жұмысының механизмдері; интенционалды – өзінің ақыл-ойының ерекшеліктерін қоршаған әлеуметтік қоғам шындығының объективті талаптарымен теңдестіруге мүмкіндік беретін механизмдер. Осы тұжырымға сүйенген зерттеуші-ғалым білім беру үдерісіндегі кәсіби құзіреттіліктердің қалыптасуы білім алушының интеллектуалдылық тәрбиесімен қатар жүруі керек дейді. Соған сәйкес адамның интеллектуалды жай-күйінің оның бүкіл өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, іс-әрекетіне тікелей әсер ететінін баса айтады: «что чувство интеллектуальной состоятельности (либо интеллектуальной несостоятельности) может существеннейшим образом влиять на темп и характер интеллектуального развития личности» [2, 127].

Ғалымның сөзін ары қарай таратар болсақ, жеке тұлғаның өзіндік бағасы оның интеллектуалдық даму сапасына тікелей әсер етеді және де оның өзін-өзі тануы арқылы жоғары дәрежелі субъект деңгейіне көтереді. Сол себепті адамның интеллектуалдық құзіреттілігін кеңірек қарастыру қажеттілігі туындайды.

Жоғарыда аталған зерттеу жұмыстарын сараптай келгенде, болашақ филолог-маманның кәсіби сапасының толық қалыптасуына нақ осы интеллектуалдылық құзіреттілік ықпал ететіндігі айқындалады. Себебі интеллектуалдылық құзіреттіліктің қалыптасуы филолог-студенттердің барлық білім саласын игеруін қамтамасыз етеді және жалпы пәндер бойынша білім мазмұнының компоненттерін толық меңгеруге көмектеседі. Оларға: оқытылатын пәндер бойынша жалпы оқу дағдылары мен білім-біліктері жатады. Осының арқасында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқитын студенттердің бойында ақпараттарды іздеу және өңдеу қабілеті, ақпараттар мен коммуникацияларды меңгерудің жаңа технологияларын пайдалану қабілеті, өз бетінше әрекет ету, басқалармен тиімді тілдік

қарым-қатынас жасау, рефлексияға қабілеті қалыптасады. Осыдан келіп интеллектуалды күзiреттiлiктiң психологиялық қасиетi ретiнде адамның өзiндiк ментальды, яғни ақыл-ой тәжірибесiн санауға болады деген қорытынды шығаруға болады.

Интеллектуалдық күзiреттiлiк деп жеке тұлғаның бүкiл өмiр бойында түрлiше факторлардың ықпалының нәтижесiнде қалыптасатын қасиеттерiн атауға болады. Бiрқатар авторлардың пiкiрiне сүйенсек, күзiреттiлiк сезiмiнiң негiздерi негiзiнен адамзат баласының туғанынан бастап он екi жасқа дейiнгi аралықта қалыптасады, кейiнiрек жеке тұлғаның қалыптасуының әр кезеңiнде ата-анасы мен ұстаздарының тiкелей ықпал етуiнiң арқасында құндылықтар жүйесi мен тәрбиелеу стилiнiң тағайындалуына орай одан әрi дами түседi. Бұл кезеңде жеке тұлғаға оның өмiрiнде болған барлық ситуациялық жағдаяттар, тiптi ата-анасының психикалық жағдайы да өз әсерiн тигiзедi. Бұл жерде күзiреттiлiк адамның iшкi қанағат сезiмiн реттейтiн, дамуына ықпал ететiн қозғаушы күш ретiнде қарастырылады. Осыған орай зерттеушiлер арасында жеке тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауында күзiреттiлiкке деген iшкi психологиялық қажеттiлiк туындайды деген көзқарас бар. Ол негiзiнен қоршаған ортаға бейiмделуден туындайды, яғни адамның биологиялық қажеттiлiктерiмен түйiспейдi. Ол ең алдымен тұлғаның өмiрлiк таңдауымен шектеседi.

Интеллектуалдылық күзiреттiлiк дегенiмiз бұл – көпдеңгейлi бiлiмнiң нақты көрсеткiшi, яғни жеке тұлғаның өзiнiң белгiлi бiр пәндiк-танымдық салада қалыптасқан бiлiмдер жүйесiне сүйене отырып туындаған проблемалық жағдаяттарды оңтайлы шешу қабiлетi. Ол бiлiм алушының бойында қалыптасқан iшкi психологиялық қабiлеттерi мен құндылықтарынан айқын көрiнедi. Мәселен, Дж.Равен аталған феномендi «жоғары жетiстiк» деп көрсетедi және де «күзiреттiлiктi интеллектуалдылық және құндылық-мотивациялық факторлармен бiрлiкте қарастыру» қажеттiгiн ұсынады. Ал А.Әлiмов бiлiм алушының интеллектуалдылық күзiреттiлiгiн қалыптастырудың басты шарты ретiнде iс-тәжірибенi, белсендi iс-әрекеттi атап өтедi. Яғни қазiргi ақпараттық қоғамда бастамашыл, шығармашылық қабiлетi жоғары, өзiндiк шешiм қабылдай алатын бiлiм алушы интеллектуалды тұлға ретiнде оң нәтижеге қол жеткiзе алады деп есептейдi. Ол өз зерттеуiнде күзiреттiлiкке мынадай баға бередi: «Құзырлылық идеясы бiлiм игеру процесiнiң қорытынды нәтижесi ретiнде зияткерлiк (парасаттық, интеллектуалдық) қабiлеттердi дамытуды қабылдайды. Ал ол қабiлеттер өз кезегiнде бiлiм алушыларға техникалық, экономикалық және мәдени өзгерiстердi саналы түрде түйсiнiп, әлеумет iшiнде жұмыс жасай бiлу, бастамашылдық пен жауапкершiлiк, шығармашылық пен конструктивтiк көзқарас, икемдiлiк пен бейiмшiлдiк сияқты қасиеттердi дамыту мүмкiншiлiгiн бередi» [3, 26]. Осылай ой қорытқан педагог күзiреттiлiк студенттi өзiн-өзi басқару мен ұйымдастыруға тәрбиелейдi, өз жұмысын бағалауға, iс-әрекетiн түзетуге үйретедi, интеллектуалдық қабiлетiн шыңдауға көмектеседi деп түйiндейдi.

Интеллектуалдылық күзiреттiлiктi интеллектуалды кемелдiлiк көрсеткiштерiнiң бiрi деп тануға болады. Өйткенi күзiреттiлiктiң жоғары даму деңгейi тұлғаның ақыл-ойының дамуына әсер етедi. Л.С.Выготский интеллектуалды кемелдiлiк жағдайында әрбiр танымдық қызмет өзiнiң таза функциясын атқаруын тоқтататынын айта келе: «восприятие выступает уже как часть наглядного мышления, процесс запоминания превращается в сплав памяти и мышления, т.д.» [4], - деген қорытындыға келедi. Интеллектуалдылық күзiреттiлiктiң ұдайы жетiлуi, ойлау қабiлетiнiң өзiндiк ерекшелiгiнiң өсуi тұлғаның үйлесiмдi дамуына қажеттi интеллект мәдениетiнiң қалыптасуын қамтамасыз етедi.

Ең басты нысаны адам болып табылатын бiлiм беру кеңiстiгi дегенiмiз бiлiм беру мақсаттарын iске асыруға бағытталған барлық ынта-жiгерлер жиынтығы. Ол үздiксiз бiлiм беру жүйесiндегi адамның жалпы тiршiлiк кеңiстiгiн де сипаттайды. Бiлiм берудiң басты мiндетi белгiлi бiр қалыптасқан үлгi бойынша адам жасау емес, керiсiнше оның өзiн-өзi тануына, өзiнiң тұлғалық әлеуетiн ашуына және жетiлдiруiне, өмiрлiк ұстанымдары мен

мақсатын таңдап, айқындай алуына, адам өмірінің мәнін түсіне білуге көмектесу болып табылады. Ал білім мазмұнын тұлғаның өзіндік және жас ерекшелігіне бейімдеп қана қоймау керек, сонымен бірге ол тұлғаның интеллектуалдылық дамуының нақты психологиялық механизмдерін есепке алу бағытында түбегейлі өзгертілуі тиіс. Бұл құбылыс еліміздегі орта білім беру саласы бойынша енгізіліп отырған жаңартылған білім беру мазмұнында толық көрініс тапқандығын айта кетуіміз керек. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру үрдісі жаңартылған оқу бағдарламасының негізгі өзегі болып табылады. Еліміздегі орта білім берудегі жаңа реформалар әрі жедел, әрі табысты жүргізіліп жатқан бүгінгі күнде жоғары оқу орнындағы білім беру мазмұнының да жаңа сапаға көтеру өмір талабы болып отыр. Сондықтан бүгінгі таңда жоғары оқу орындарындағы білім берудің тиімділік көрсеткіші ретінде тек білім, білік, дағды ғана емес, сондай-ақ құзіреттілік, белсенділік, шығармашылық, өзін-өзі жетілдіру, бірегей ойлау қабілеті, рефлексия сияқты педагогика-психологиялық категорияларды да атауға болады. Себебі, қазіргі кезде тек формалды білім алу жеткіліксіз, яғни жеке тұлға үздіксіз білім алуы, жетілуі қажет. Өйткені білім, білік, дағдылар студенттердің интеллектуалдылық тәрбиесінің деңгейін толық көрсете алмайды. Зерттеушілер атап көрсеткендей, «...қазіргі ағымы жылдам ақпараттық заманда бүкіл дүниежүзілік қауымдастық мойындап отырғандай экономикалық дағдарыстармен қатар адами ресурстардың дамуында да дағдарыстық құбылыстар байқалады. Сол себепті «жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың академиялық білімдерімен қатар олардың адами капиталын, интеллектуалды әлеуетін дамыту үрдісі кездейсоқ емес, кезегін күттірмейтін мәселе» [5, 150]. Бұл пікір болашақ кәсіби мамандарға арнайы білімдерімен қатар олардың бойында интеллектуалдық құзіреттілігін де қалыптастыру қажет деген көзқарастан туындап отыр. Ал құрамында интеллектуалдылық құзіреттілігі бар базалық интеллектуалдылық сапалар тұлғаның интеллектуалдылық аясының нақты сипатын таныта алады. Осыған байланысты білім, білік, дағдылар жоғары оқу орындарындағы білім берудің тиімділігін бағалаудың қатардағы құрамдас бөлігі болып қана саналады.

Жоғары мектептің білім беру кеңістігіндегі интеллектуалдылық құзіреттілікті дамыту филолог-студенттің субъектілік тәжірибесін көтеруге, байыту үшін жағдай жасауға және оның өзіндік бірегейлігін дамытуға негізделген жеке тұлғаға бағытталған білім болып табылады. Зерттеуші И.С.Якиманская субъектілік тәжірибенің мазмұны ретінде үш түрлі құбылысты атап көрсетеді: ол біріншіден, заттарды, түсініктер мен ұғымдарды, екіншіден, ақыл-ой мен практикалық іс-әрекеттерді және үшіншіден, эмоционалды кодтарды атап көрсетеді. Ғалым егер дәстүрлі білім беру субъектілік тәжірибені ғылыми негізсіз, әлжуаз категория деп санайтын болса, онда «... нужно создать новый тип учебного заведения, в котором растет и развивается ученик как носитель субъектного опыта», - деген ерекше пікір айтады [6, 73].

Қорытынды. Қорыта келгенде, жеке тұлғаға бағытталған білім берудің мақсаттарын іске асыру барысында танымның оқу және оқыту сияқты негізгі екі көзінің үйлесімді қызметі іске асуы керек. Олар тұлғаның интеллектуалдылық дамуының құрамдас бөліктері ретінде қызмет етуі тиіс. Жоғары оқу орнында білім берудің басты мақсаты филолог-студенттің дара тұлғалық қасиеттерін дамыту деп тануымыз қажет. Алайда, жеке тұлғаның оның кәсіби қалыптасуына білім мен білікті игеруіне қарама-қарсы да қоюға болмайды. Тұлға дегеніміз бұл өмірлік тәжірибелердің неғұрлым жинақталған және үздіксіз дами беретін жүйесі. Сондықтан да адамның өзіндік тәжірибесі үлкен жетістіктерге жеткенін әйгілейтін білім, білік, дағдыларға ие болған тұлғаның өзіне ғана ерекшеліктерін көрмеу мүмкін емес. Тұлғаның танылуы тек когнитивті салада ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынас ерекшелігі, эмоционалдылық сияқты қасиеттерден де көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Пиаже Ж. Психология интеллекта. Генезис числа у ребенка. Логика и психология. / Ж. Пиаже // Избранные психологические труды. – Москва: Просвещение, 1994. – 659 с.
- 2 Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. 2-ое издание. / М.А. Холодная – Санкт Петербург: Питер, 2002. – 272 с.
- 3 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері: оқу құралы. / А. Әлімов – Алматы, Ғылым, 2013. – 448 б.
- 4 Выготский Л.С. Лекции по психологии. / Л.С. Выготский – Санкт Петербург: Перспектива союз, 2018. – 148 с.
- 5 Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері: Оқу құралы / С.Ж.Пірәлиев және т.б. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2014. – 296 б.
- 6 Якиманская И.С. Требования к учебным программам, ориентированным на личностное развитие школьников / И.С. Якиманская // Вопросы психологии. - № 2. 2016, 64-77 с.

Ж.Т. Даулетбекова, П.Қ. Юсуп

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Психологические основы формирования интеллектуальной компетентности филологов-студентов в образовательном процессе

Аннотация. В статье рассматриваются способы формирования и развития интеллектуальной компетентности студентов в результате учебного процесса в высших учебных заведениях. Подробно проанализированы особенности интеллектуальной идентичности как категории психологической науки и ее значение с точки зрения результатов обучения. Публичная деятельность интеллектуального потенциала как совокупность знаний, умений и навыков, приобретенных специалистом в области определенной дисциплины, его профессиональных достижений и карьеры на рабочем месте, рассматривается на основе работ исследователей.

Рассмотрение интеллектуальной компетентности как показателя интеллектуального развития человека является конкретным значением того факта, что оно является реальным результатом приобретенных знаний в вузе и в образовательном пространстве. В статье эти проблемы решаются в научном аспекте.

Ключевые слова: интеллект, компетентность, потенциал, знания, навыки.

Zh.T. Dauletbekova, P.K. Yusup

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Psychological Basis of the Formation of Philologists- Students' Intellectual Competence in the Educational Process

Abstract. The article discusses ways of forming and developing the intellectual competence of students as a result of the educational process in higher education institutions. The features of intellectual identity as a category of psychological science and its importance in terms of learning outcomes are analyzed in detail. The public activity of the intellectual potential as a combination of knowledge and skills acquired by a specialist in a particular discipline, their professional achievements and a career in the workplace is considered on the basis of the work of researchers.

Consideration of intellectual competence as an indicator of human intellectual development is the paradox of the fact that it is the real result of the acquired knowledge at university in the educational space. The article addresses these issues scientifically.

Keywords: intelligence, competence, potential, knowledge, skills, skills.

References

- 1 Piaget J. *Psichologia intelekta. Genezis shisla u rebenka. logika i psishologiai.* // Izbrannue trudy [Selected Psychological Works. The Psychology of Intelligence. The Genesis of the Number in a Child. // Logic and Psychology]. (Enlightenment, Moscow, 1994, 659 p.). [in Russian]
- 2 Cold MA *Psishologia intelekta: paradoksu issledovania. Izdanie 2* [The Psychology of Intelligence: the Paradoxes of Research. 2nd edition]. (Peter, Saint Petersburg, 2002, 272 p.). [in Russian]
- 3 Alimov A. *Interbelsendi adistemeni JOO-da qoldanu maseleleri* // Oku kuraly [Problems of the Use of Interactive Methods in Higher Education]. (Gylym, Almaty, 2013, 448 p.). [in Russian]
- 4 Vygotsky L.S. *Lekshia po psichologii* [Lectures on Psychology]. (Perspective Union, Saint Petersburg, 2018, 148 p.). [in Russian]
- 5 Praliyev S.Zh., Orazbayeva F.Sh., Imanbayeva S.T. and others *Boloshaq mamannyn intellektualdyk aleuetin qalyptastyru negizderi: oky kuraly* [Fundamentals of the formation of the intellectual potential of the future specialist: Textbook]. (Abay KazNPU «Ulagat», Almaty, 2014, 296 p.). [In Kazakh]
- 6 Yakimanskaya I.S. *Trebovanie k ushebnyim programmam, orentirovannim na lishinostnoe razvitie cholnikov* [Requirements for Curriculum-Oriented Pa Personal Development of Schoolchildren]. (Questions of Psychology, (2), 64-77). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Дәулетбекова Ж.Т. – Педагогика ғылымдарының докторы, Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Юсуп П.К. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 2-курс докторанты, Алматы, Қазақстан.

Dauletbekova Zh.T. – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor of Kazakh and literature Department named after Academician S.Kirabaev, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Yusup P.K. – 2 rd year PhD student of specialty «6D011700 – kazakh language and literature» specialty of Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

XFTAP 17.09.91.

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: dikhan.kamzabek@mail.ru)

Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі

Аңдатпа. Мақалада өнердің бір түрі ретінде әдебиеттің әрі эстетикалық, әрі идеялық мақсат-міндеті бар екені қарастырылады. Көркемдік – сезім мен талғамға негізделсе, идея – ұлт, халық сұранымынан, мүддесінен бастау алады. Қазақ әлімсақтан екі дүниенің (бұл дүние және бақи дүние) обал-сауабын, жауапкершілігін терең түсінген. «Бұл дүние – о дүниенің алдындағы баспалдақ» деп санап, марқұмдардың рухы (аруағы) алдында есеп беріп отырған. Қайтқан адамды ақтық сапарға шығарып салу ерекше дәстүр ретінде орныққан. Бұл имани жоралғының поэтикалық көрінісі – жоқтау. Большевизм жылдары Алаш зиялылары қазақ жоқтауларын жеке жинақ («23 жоқтау») етіп шығарып, Қазақ елінің дамуы мен бостандығы үшін күрескен тұлғалардың тарихи орнын байыптата алған. Сырттайғы формасы «халық мұрасы» болып көрінгенімен, ішкі мазмұны «азаттықты жоқтау» екенін тұспалдай білген. Бір қызығы, осы «23 жоқтау» жинағын Мәскеуде даярлап шығаруға А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейхан қатар атсалысқан екен. Ішіне төрт ғасырдың арман-мұраты, қайғы-мұңы, намыс-шері енген еңбекті – «азаттықты жоқтаудың рәмізі» деп сеніммен айта аламыз.

Түйін сөздер: Алаш зиялылары, халық мұрасы, ел әдебиеті, елдік сарын, ұлт мүддесі, рухани сана.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-77-86>

Кіріспе. Әр елдің, мемлекеттің өзіндік қалыптасу мен даму тарихы бар. Тағдырдың бұралаң жолымен отарлаушы империяның шенгеліне түскен жұрттың басты арманы мен мұраты – азаттық болғаны және болары түсінікті. Әдебиет – елдік аңсардың, сарынның айнасы. ХҮІІІ-ХХ ғасыр аралығындағы қазақ әдебиетінің негізгі тақырыбы осыдан өрбіді. Алаш кезеңі көшбасшыларының бірі, ұлт ұстазы, аса көрнекті тілші, әдебиетші Ахмет Байтұрсынұлы ұлтты ағарту мен азаттыққа жеткізуді өмірлік қағидат етіп алды. Оның бай рухани мұрасының ішінде 1926 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан (ресми аты – «Кеңестер Одағындағы елдердің кіндік баспасы») шыққан «23 жоқтау» атты жинағы ерекше көзге түседі /1, 74-173/. Мұның төмендегідей себептері бар.

Біріншіден, алақайлап «социализм құрамыз», «бай тұқымын тап ретінде жоямыз» деп жатқан кезеңде сұлтан мен батыр, би мен қожа – жалпы бұрынығының игі жақсылары туралы жоқтаулар жинағын шығару - ерекше қадам.

Екіншіден, өткеннен безіп (бұрынғыны біржақты сызып), бәрін жаңадан бастаймыз деген кезеңде А.Байтұрсынұлы еңбектің беташар парағына «қазақ тарихының төрт жүз жылын алады» деп жазуы – таңқаларлық шешім.

Енді есептесек, 1926 жылдан 400 жыл алғанда, 1526 жыл болады. Бұл – Қазақ хандығының нағыз күш-қуат алған шағы. Сонымен бірге осы уақыт – бізбен ағайын біраз жұрт азаттығының басы бәйгеге түскен кезең. Бұл ретте ағартушы тарих пен аңыз, жазбаша дерек пен ауызша дерек арасын жақсы зерделеп отыр.

Кімдер кімді жоқтағанына көңіл бөліңіз: 1) Қараулек ананың Мамай баласын (батыр) жоқтауы; 2) Қамқаның әкесі Қазыбек биді (Қаздауысты Қазыбек) жоқтауы; 3) Кеңгірбайды жоқтау; 4) Алтай Тәтіні жоқтау; 5) Нысанбайдың Кенесары-Наурызбайды жоқтауы; 6) Қырғыз Жантайды жоқтау; 7) Қырғыз Шоқшалайды қызының жоқтауы; 8) Шақшақ ұрпағы Төлебайды қызының жоқтауы; 9) Төлебайды келінінің жоқтауы; 10) Төлебайды қатынының жоқтауы; 11) Шұбыртпалы Әйкеге шығарған Бұдабай жоқтауы; 12) Қырғыз қызының жоқтауы; 13) Найман Әбжанды жоқтау; 14) Балқын қыздың жоқтауы; 15) Байжі-

гіт Мұратты қатынының жоқтауы; 16) Ысмайыл ханды ханымы Күнжанның жоқтауы; 17) Ерторыны келінінің жоқтауы; 18) Жолдыбайды қызының жоқтауы; 19) Есмағамбетті қатынының жоқтауы; 20) Ерғазыны қатынының жоқтауы; 21) Әбдірахманды Абайдың жоқтауы; 22) Ормамбетті баласы Нарманбеттің жоқтауы; 23) Әбдіғапарды қатынының жоқтауы.

Жоғарыда «Бұдабай ақын шығарған» дегендей, бұл жоқтауларды көбінесе айтушы емес, басқа бір ақын немесе жыршы шығарғанын байқаймыз. А.Байтұрсынұлы бұл туралы: «Жоқтауды көбінесе ақындар шығарып береді. Сондықтан жоқтау ақын лұғатты келеді» деп жазады [2, 254]. Мысалы, «23 жоқтау» жинағындағы мұралардың әрбіріне шағын түсініктеме берген «Қыр баласы» (Әлихан Бөкейхан) «Қарпық ақын шығарған», «Найман шығарған» т.б. деп ескертеді [1, 132; 148].

Тақырыптың өзектілігі. ХХ ғасырдың 20-жылдары Алаш қайраткерлерінің әдебиет пен мәдениетке қатысты әрбір бастамасынан мемлекетшілдік негіз бен танымның арқауын үзбеу аңсары айқын көрінді. Қалыптасқан елшілдік ұстаным мен большевиктік пролеткультшілдік текетіреске түскенде, ұлт қайраткерлері ел әдебиеті (фольклор) қуатын пайдаланды. Осы мәселе бір тақырып (жоқтау) бойынша зерттеу аса көкейкесті деп білеміз.

Мәселенің зерттелу тарихы. Әрине, жоқтау – фольклор жанры. Сондықтан оның уақыт пен кеңістік аясы, деректік негіздері көп жағдайда шартты. Бірақ Қазақ хандығы дәуіріндегі оқиға, тұлға атауларында, олардың жалпы нобайында сәйкессіздік өте аз.

Қарапайым өмірде жоқтауды «дауыс салу» деп те атайды. Ежелгі әдет-ғұрпымызда адам қайтқан күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылғаны белгілі. Дегенмен оның ерекше жеткізілетін тұсы – жаназаның (ресми діни рәсім) алды-арты немесе кісіні жер қойнына беретін мезет. Ағайын-туыс қазалы үйге «ой, бауырымдап» ат қойып шауып келіп, көрісіп көңіл айтады. Мәйітті шығарарда марқұмның әйелі немесе қыз балалары жоқтау айтып, қайғысын естелікке құрылған дәстүрлі жыр сарынымен басады.

Әйгілі Байдалы би [3, 53] айтты дейтін: «Сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын» деген сөз бар. Жоқтау – қазақ, қырғыз сынды ұлттарда аза ғұрпымен байланыстағы әрі қаралы, әрі артындағы ұрпағын рухтандыратын имани салттың бір түрі. Нақты салыстыруға келе қоймас, бірақ белгілі жағдайда Еуропаның реквиемінің (жан азасы) философиясы, мән-мағынасы қазақ жоқтауын түсіндіріп бере алады. Бұл жерде біз католиктік ғұрыпты емес, Батыс жұртының марқұм болған жандарға деген құрметін еске салып отырмыз. Әдетте ислам қағидаттары да жоқтауды, марқұмның соңынан жылап-сықтауды қолдамайды. Бұл қағидатты қатаң ұстайтындар: «Исламның алдындағы жәһилия дәуірінде арабтарда «нияһа» деген ғұрып болған. Сол уақытта әйел кісілер бір-біріне қарама-қарсы отырып алып, зар қағып өлген адамды жоқтаған. Ислам келгеннен кейін бұл дәстүр тоқтатылады. Хадисте: «Біреудің тегін жоққа шығарушы мен өліні зар қағып жоқтайтында жәһиліктің әрекет бар» делінеді [4, 175]. Біз дауыс салып жылауды қостамаймыз» дейді. Қазақ елі ұстанатын Әбу Ханифа мазхабы бұл мәселеге оймен, ақылмен келуді нұсқайды. Ата дәстүр құр жылауға немесе жасандылыққа бармай, орнымен егіле отырып бақиға озған жанның тірісіндегі өнеге ісін ұрпаққа аманаттайды. Бүгінгі ғылым, соның ішінде медицина мен психология адам өз бойындағы қайғыны ішіне жұтпай, шығарып тұруын (немесе бөлісуін) колдайды. Қазақ жоқтауы, бір жағынан әрі жұбату, әрі ауыртпашылықты бөлісу функциясын атқарады. Бұған иманды жұртшылық түсіністікпен қараған. Жылау -сықтау шектен шығып бара жатса немесе ол жасанды сипат алса, үлкендер жағы оған тоқтау салған.

Ұлт тарихындағы классикалық жоқтау қатарында әйгілі Бұхар жыраудың Абылай ханды жоқтауы, Қаздауысты Қазыбек биді қызы Қамқаның жоқтауы, Абайұлы Әбдірахманды әйелі Мағыштың жоқтауы тұр. Бұл жоқтаулардың әрбір сөзі тарихи шындық пен ел рухының терең сезіміне суарылған.

Айтулы осы үш мұраның екеуі «23 жоқтау» жинағына енсе, А.Байтұрсынұлы ыждағатының ерекшелігі айқындала түседі.

Мәселенің талқылануы. Қазақ халқы XIV-XVI ғасырлардағы ноғайлы заманының «Едіге», «Орақ-Мамай», «Шора» сынды батырлық жырларын ертеден насихаттап, ұлттық рухани мұрасының алтын қорына қосқан. Осы мұралар күні кешеге дейін ел бірлігі мен жер тұтастығына қызмет етті дей аламыз. Сондықтан «23 жоқтаудағы» Мамай батыр рухына бағышталған сөз [1, 81-85] халыққа өте түсінікті еді.

Қараулек ана Мамай баласын жоқтауын Ораққа қаратып айтады:

Ай, Орағым, Орағым,
Жалғыз қалдың, қарағым!
Мамайжан еді ырысың,
Бір құрсақтан дүреген,
Екеу еді туысың.
Екеуің жауға барғанда,
Қалмақты жеңді ұрысың.
Серіксіз қалдың, Орағым,

Дүние шіркін құрысын!... Жоқтаудың осы бастапқы жолдарынан субъективтік, пендешілік ой аңғарыла ма? Әрине, Қараулек ана болып қайғырған халық барлық пендешіліктен жоғары тұр. Оның ойында бір арман, бір мұң, бір мүдде тұр. Ол – халық мүддесі.

Айқай, енді күн қайда,
Қойға тиген бөрідей,
Жапыра қалмақ қуатын?
Құлыны өлген ақ байтал,
Енді саған күн қайда,

Ондай бала туатын? - дейді көкірегі қарс айырылып. Халық қиялында егде жастағы Қараулек елдің өткені мен бүгінге жауапты адамдай тіл қатады. Аналық борышын сезіне отырып, ендігі халық араманынан туатын балалардың Мамай мен Орақтай жаужүрек болатынына секемі бар. Неге?

Өлдің, Мамай, қор болдың...
Өлдің, Мамай, құм болдың...
Құм ұшырған жел болдың...

Ау, батырдың анасы бұлай тым езілмеуі керек еді ғой. Тым жербауырламауы тиіс еді ғой.. Жоқ, ел анасы, халық анасы айнала қоршаған қиындықты, құрылған торды көріп, болашағын ойлап, шерменде күйге түседі:

Сауытың қалды сандықта,
Алмасың қалды тұлдықта,
Аңдасқан дұшпан көп еді –
Елің қалды құлдықта...

Сын есімдердің өзінің анықтайтын сөзімен тығыз байланыста болуы олардың бел-гілі бір контексте түрлі мағынада қолданылуына әсер етеді. Сапалық сын есімнің мағына-лық топтарының ішінде түрлі семантикалық табиғатымен ерекшеленетіні – «қара» сын есімі. Мысалы:

- 1 Сарыбай тарту етті қырық қара ат,
Түстері бірыңғайдан өңкей пар ат.
Жіберді елшілікке елу кісі,
Мықтылар ел ішінде құйрық-қанат (Бабалар сөзі, 26-том, 13-б.);
- 2 Жаз болды сол арада көкек туып,
Мамырға аяқтасып келді жуық.
Мал төлдеп, көкке тойып аяқтанды,
Қара қатқак, қарлатқан кетіп суық (Бабалар сөзі, 26-том, 13-б.);
- 3 Баян қыз сұлу екен мақтағандай,
Қара қасы қағазға қақтағандай.
Сұңқардың форымындай мойыны бар,
Көзіне гауһар отын жақтағандай (Бабалар сөзі, 26-том, 14-б.);
- 4 Жүгірді жолбарыстар қара көріп,
Қорқақтар қалар еді бекерге өліп.
Ақыры Жандос бастап қарсы шауып,
Бет-бетімен кетісті телім болып (Бабалар сөзі, 26-том, 20-б.);
- 5 Бөктерлеп үлкен қара жолды көрді,
Алыстан шоғырланған норды көрді.
Ту алып, тұлпар мінген қара қалмақ,
Бірталай келе жатқан қолды көрді (Бабалар сөзі, 26-том, 21-б.).

Қара сын есімінің негізгі мағынасы – аққа қарама-қарсы түс [2, 477]. «Сөздікте» бұдан басқа да мағыналары берілген.

Жырдан келтірілген үзінділерде **қара** сапалық сын есімі *қара ат, қара қатқак, қара қас, қара жол, қара көру, қара қалмақ* тіркестерінің құрамында өзіне тән семантикалық си-патымен ерекшеленіп тұр. Бірінші, үшінші мысалдарда **қара** сөзі негізгі (түс) мағынасын-да (*қара ат – қара қас*), екінші мысалда «*жер беті тобарсыған, тоңазыған кез*» [2, 478] (*қара қатқак*) деген мезгіл мағынасында, төртінші мысалда «бір нәрсенің нобайы, пішіні» [2, 477] мағынасында қолданылған. Ал бесінші мысалда **қара** сапалық сын есімі өзінің бастапқы тура мағынасынан (түс атауы) бөлек, ауыспалы мағынада қолданылған. **Қара** сөзінің «*жүргінші көп жүретін үлкен жол*» [2, 477] мағынасы жоғарыда келтірілген бесін-ші мысалда көрініс тапқан. **Қара** сын есімі зат есіммен тіркесіп «*көп, мол*» мағынасында да қолданылады. Оған 5-мысалдағы «*қара қалмақ*» тіркесі құрамындағы *қара* сөзінің мағына-сы дәлел бола алады. Тілдік деректерден анықталғандай, сапалық мәнді білдіретін «қара» сөзі қоршаған дүниенің адам санасындағы бейнесі негізінде қалыптасып, нәтижесінде сол мағынаның аясында басқа бір туынды мағыналарға ие болған.

Талдауға алынған **қара** сапалық сын есімінің жырда көрініс тапқан мағыналары:

- 1) аққа қарама-қарсы түс: *қара ат, қара қас* т.б.
- 2) жер тоңазыған кез: *қара қатқақ*;
- 3) бір нәрсенің нобайы, сыртқы көрінісі: *қара көрін*;
- 4) көлем: *үлкен қара жол*;
- 5) көп, мол, сансыз: *қара қалмақ* т.б.

Қара сынының мағынасындағы мұндай ерекшеліктер оның мағыналық құрамындағы семаларына және сол семалар арқылы байланысатын сөзіне қатысты анықталады.

Қазақ тілінде сапа сындарын мағынасына қарай бірнеше топтарға бөліп қарастыруда ғалымдар олардың құрамындағы семаларға баса назар аударады. Мәселен, А.Ысқақов сапалық сын есімдердің «заттың түрі мен түсін (ақ, қара, қызыл, көк, сұр т.б.), *сыры мен сапасын* (жақсы, жаман, тәуір, нашар т.б.), *көлемі мен аумағын* (үлкен, кіші, ауыр, жеңіл т.б.), *дәмі мен иісін* (ащы, тәтті, күлімсі т.б.) білдіретін» түрлерін анықтаса [3, 168], **Н.Оралбай** сын есімнің **16 мағыналық тобын** көрсетеді [4, 137-138]. Адамның өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды қабылдауы нәтижесінде қалыптасқан таным-түсініктері сапалық сын есімдердің семантикасына да ықпал етеді.

Лингвистика ғылымындағы қазіргі антропоэзеттік парадигмада сөз таптары, біріншіден, дүниені біздің танымымызбен қабылдау мен түйсіну ерекшеліктерін бейнелейтін, екіншіден, мәтін мен айтылым құрамында өздеріне тиесілі қызмет атқаратын ерекше когнитивтік-дискурстық құрылым ретінде қарастырылады [5, 6]. Сапалық сын есімдердің мұндай қызметі олардың заттануы нәтижесінде қалыптасатын синкретті бірліктердің қалыптасуынан айқын көрінеді.

Сын есімдердің семантикасына заттың түрлі белгісін білдіретін сөздер тобынан заттың нақ өзін білдіретін сөздер тобына ауысуы, яғни заттану үдерісі де әсер етеді. Бұл тұрғыда адъективті негіздің субстантивті сөздерге ауысуын сөз табының тек тұлғалық өзгерісі деп қана қарастыруға болмайды. Заттану үдерісінде сөз немесе лексеманың лексикалық мағынасы концептуалдық өзгеріске түсіп, нәтижесінде бастапқы тұлғасынан өзге грамматикалық қасиетке ие болады. Бұл өзгеріс оның тіркесімділігінен де көрініс табады. Жырдан алынған тілдік деректермен дәйектесек,

Мысалы:

Сарыбай салқын тартты сұмдық ойлап,

Қозады бір жаманға көңілі бойлап. (Бабалар сөзі, 26-том, 12-б.).

Жіберді елшілікке елу кісі,

Мықтылар ел ішінде құйрық-қанат. (Бабалар сөзі, 26-том, 13-б.).

Бермесе Тәңір өзі оған жәрдем,

Нашарлар әлдеқашан тұтылады. (Бабалар сөзі, 26-том, 21-б.).

Қамшылап ала бедеу жөнеледі,

Батырсынып, бәлденіп өнегелі. (Бабалар сөзі, 26-том, 41-б.).

Ала бедеу ойкастап ырғығанда,

Бурыл да бұлтақ қағып қарысады. (Бабалар сөзі, 26-том, 42-б.).

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы заттанған сапалық сын есімдер: жаман, мықты, нашар, ала бедеу, бурыл. Сапалық сын есімдердің заттану үдерісінде дүниенің тілдік категориялануы шынайы өмірді түрліше сипаттайтын сапа сындары мен зат есімдерді салыстыру арқылы анықталады. Бұл орайда заттанған сын есімдер бізді қоршаған әлемдегі адам танымы арқылы қабылданатын заттар мен құбылыстарды нақты заттық мәніндегідей түсіндіреді. Мәселен, жоғарыда келтірілген мысалдардағы жаманға көңілі бойлап, ел ішіндегі мықтылар, нашарлар тұтылады, ала бедеу жөнеледі, бурыл бұлтақ қағады тәрізді тіркестер құрамындағы заттанған сапалық сын есімдер зат есім арқылы (адам, жылқы) берілетін мағынаны дәлме-дәл сипаттап тұр.

Фольклор мәтіндеріндегі сапалық сын есімдер заттану арқылы концептуалданып, нәтижесінде сол затқа не құбылысқа тән, оның ажырамас бір бөлшегі болатын тұрақты белгілерді білдіреді. Заттанған сапа сындарының семантикасындағы тағы бір ерекшелігі өзі анықтайтын зат не құбылысты зат есімдер тәрізді қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде ғана сипаттап қоймай, сондай-ақ заттанған сапа сындары арқылы берілетін мағынада сол затқа не құбылысқа тән белгілердің ішінен сол затты не құбылысты ерекшелендіретін нақты бір қасиетін анықтайды. Мысалы:

Ала бедеу ойқастап ырғығанда,

Бурыл да бұлтақ қағып қарысады. (Бабалар сөзі, 26-том, 42-б.) деген үзіндіде *ала*, *бурыл* сын есімдері жылқы малына қатысты көп белгінің (түр-түсі, қасиеті т.б.) ішінен бөлініп алынған. Адам танымында да сипатталып тұрғаны – осы белгілер.

Адамның танымдық ойлауына сәйкес зат не құбылыстың барлық белгілері жинақталып келгенде, олардың ішінде аса маңызды бір ғана белгісі сөйлеушінің сол сәттегі коммуникативтік қызметін іске асыруға қатысады. Мәселен,

Сарыбай салқын тартты сұмдық ойлап,

Қозады бір жаманға көңілі бойлап. (Бабалар сөзі, 26-том, 12-б.).

Бермесе Тәңір өзі оған жәрдем,

Нашарлар әлдеқашан тұтылады. (Бабалар сөзі, 26-том, 21-б.) деген үзінділерде адамға, оның мінез-құлық, түрлі іс-әрекетіне тән көп белгілердің ішінен жаман, нашар сапа сындары (заттанған) алынған. Бұдан белгілі бір зат не құбылысқа тән белгілердің адам танымындағы болмысы заттанған сапа сындарының семантикалық құрылымында да көрініс тауып, нәтижесінде заттанған сапалық сын есімдер сипатталатын белгінің адам танымындағы көрінісін зат есімдердің тілдік табиғатына сәйкес түсіндіре алатындығы көрінеді. Бірақ заттанған сын есімдердің түпкі негізінде «зат», «субстанция» тәрізді онтологиялық категориясы бар зат есімдердің тілдік категориясына түбегейлі сәйкес келмейтіндігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Заттанған сын есімдер түрлі дәрежеде сипатталатын сын есім мен зат есімнің концептуалды құрылымындағы компоненттерге ие болады. Мұндай жағдайда заттанған сапа сындарының концептуалды сипаты сын есімнің семантикасындағы белгі мен тұтастық арқылы анықталады. Белгіден заттық мағынаға ауысу белгі мен сол белгіні жеткізушінің (зат, құбылыс) бір уақытта өзектелуімен байланысты. Мысалы: жаман адамға – *жаманға*; нашар адамдар – *нашарлар*; ала бедеу ат – *ала бедеу*; бурыл ат – *бурыл* т.б. Сапа сындары мен оның субстантивтерінің жалпы мазмұнын құрайтын мұндай дериваттар контексте тілдік тұрғыда интерпретацияланып, нәтижесінде заттанған сапа сындары арқылы берілетін белгі қандай да бір заттың сипаты емес, керісінше, жеке концепт ретінде түсіндіріледі, ал оны атайтын субстантив сол белгіге ие болатын затты белгілейді. Сонымен қатар оларда бағалаушытық мән де басым болады.

Сапа сындарының семантикасында кеңінен зерттеуді қажет ететін тағы бір мәселе – сапа сындарының семантикасындағы қарама-қайшылықтар. «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жырындағы қарама-қайшы мәндегі сапа сындары грамматикалық түрлі құрылымдармен келеді. Мысалы:

Біраз күн аялдады ойнап-күліп,

Арық атын тастады семіз мініп. (Бабалар сөзі, 26-том, 24-б.);

Көрісіп үлкен-кіші жатыр жылап,

Бұларды сөге алмайды ешкім сынап. (Бабалар сөзі, 26-том, 45-б.);

Жақсы-жаман аралас,

Бір қатары қаралас. (Бабалар сөзі, 26-том, 48-б.);

Жақсы-жаман деместен,

Бәріне қояр ат, келін. (Бабалар сөзі, 26-том, 51-б.);

Үлкен-кіші, кәрі де
Батасын берді сыртыңнан,
Болсын деп аман асыл зат. (Бабалар сөзі, 26-том, 56-б.).

Тауасар шешен еді басшы болсын,
Ыстық-суық жол көрген бұрын жүріп. (Бабалар сөзі, 26-том, 14-б.).

Мұндағы *сын есім+zат есім* құрылымды қарама-қайшы мәндегі сапа сындары **арық ат**; *сын есім+етістік* – **семіз мініп**; *сын есім+сын есім* – **үлкен-кіші**; *сын есім-сын есім+етістік* – **жақсы-жаман деместен**; *сын есім-сын есім+zат есім* – **ыстық-суық жол**. Қарама-қайшы мәнді сапа сындарының мұндай құрылымдары жырда көркемдік қызметімен ерекшеленеді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы қарама-қайшы мәндегі сапа сындарын айқындау сапа сындарына тән семантикалық функцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Қарама-қайшы мәндегі арық-семіз, үлкен-кіші, жақсы-жаман, ыстық-суық сын есімдері контекстегі семантикалық функцияларына қарай да өзара бір-бірінен ажыратылады. Бұлардың ішінде арық-семіз, жақсы-жаман сын есімдері өзара контрарлық (арық - семіздеу- семіз; жақсы – нашар - жаман) қарсылыққа, ал үлкен-кіші комплементарлық қарама-қарсылыққа құрылған. Комплементарлық қарама-қарсылық комплементарлық қарама-қарсылықтан бір-бірін толықтыратын ортаңғы, аралық мүшелерінің (сөздер) болмауымен ерекшеленеді. Сондықтан үлкен-кіші сапа сындарының семантикалық қарама-қайшылығына градуалды сипат тән болмайды.

Фольклор тіліндегі сапалық сын есімдер бағалауыштық семантикасымен де ерекшеленеді. Мысалы:

- Балам-ау, қалай жұмбақ айтқан сөзің,
Мағыналы байқап тұрсам жай мінезің.
Сары атан ерні жырық – Сарыбай ғой,
Құба інген – қыз шешесі Гүлжан тезің. (Бабалар сөзі, 26-том, 26-б.).

Сол күні түс көріпті Қоған тағы,
Жаман ырым білініп оған-дағы.
Жеті қасқыр құтырған кез келіпті,
Тұс-тұстан өрт қаптапты қоламталы
Артынан қара бура аузын салып,
Халі кетіп қалтырап тым шошыпты.
Бір үлкен өрт қаптаған елге келсе,
Жанның бәрі үйінен ду босыпты... (Бабалар сөзі, 26-том, 39-б.).

Фольклор жанрларында аса кең мағыналық сипатқа ие болатын сары, құба, жаман, қара, үлкен сын есімдері атан, інген, ырым, бура, өрт зат есімдерінің бағалауыштық анықтауышы ретінде қолданылған. Бір ескеретін жағдай: берілген мысалдарда түс атауларын білдіретін сапалық сын есімдер (сары, құба, қара) түйе малының түрлеріне (атан, інген, бура) қатысты бағалауыштық мәнде тұр.

Қорытынды. Сонымен, фольклор жанрының бір түрі – ғашықтық жырлардағы сапа сындарының семантикасын кеңінен зерттеу халықтың рухани мол мұрасын, яғни ауыз әдебиеті туындыларын лингвистикалық қырынан толыққанды меңгеруге жол ашады. Ғалым А.Т.Хроленконың сөзімен айтсақ, фольклор тілін семантикалық тұрғыдан зерттеудегі «аса маңыздысы – фольклор сөзінің семантикалық құрылымының ерекшелігі туралы тұжырым» [6, 14]. Бұл зерттеу нысанына алынып отырған жыр тілінің семантикалық ерекшелігін морфосемантикалық тұрғыда анықтау үшін де аса маңызды.

Әдебиет тізімі

- 1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
- 3 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 4 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Инжу-Маржан, 2007. – 390 б.
- 5 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – Москва: РАН, 1997. – 331 с.
- 6 Хроленко А.Т. Семантика фольклорного слово. – Воронеж: Изд-во ВУ, 1992. – 132 с.
- 7 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. 26-том. – 2006. – 376 б.

Г.О. Сыздыкова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Семантика качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян сулу»

Аннотация. Лингвистическое изучение фольклорного языка является одной из важнейших задач в области лингвофольклористики, сформировавшихся на стыке наук.

В статье проанализированы семантические особенности качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян Сулу», рассматриваются значение и применение в семантическом пространстве фольклора.

Одна из частей речи, отличающихся по смыслу и употреблению в фольклорных текстах, – прилагательные. Семантический багаж качественных прилагательных в текстах фольклора определяется компонентами (семами) в их семантической структуре.

В жанрах устной литературы, в том числе в лиро-эпических текстах, прилагательные употребляются часто и носят важнейший семантический характер. Кроме того, это играет особую роль в создании картины мира в фольклоре, является представителем национальной культуры, традиций и обычаев в фольклоре. В связи с этим в ходе изучения семантики качественных прилагательных в фольклорном языке выявляется ряд важных проблем, касающихся семантики фольклора.

Ключевые слова: семантика, сема, когнитивно-дискурсивная, синкретная, адъективная, концептуальная, субстанция, дериват.

G.O. Syzdykova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Semantics of Qualitative Adjectives in the Work «Kozy Korpesh-Bayan Sulu»

Abstract. The linguistic study of the folklore language is one of the most important tasks in the lingo-folklore field, formed at the intersection of sciences.

The article analyzes the semantic features of qualitative adjectives in the work “Kozy Korpesh-Bayan Sulu” and considers the meaning and application of folklore in the semantic space.

One of the parts of speech differs in meaning and use in folk texts – adjectives. The semantic baggage of qualitative adjectives in folklore texts is determined by the components (semes) in their semantic structure.

In the genres of oral literature, including lyrical and epic texts, adjectives are often used and are of the most important semantic nature. In addition, it plays a special role in creating a picture of the world in folklore and is a representative of national culture, traditions and customs in folklore.

In this regard, the study of the semantics of qualitative adjectives in the folklore language reveals a number of important problems related to the semantics of folklore.

Key words: semantics, seme, cognitive-discursive, syncretic, adjectival, conceptual, substance, derivate.

References

- 1 G. Zhubanov. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. (Science, Almaty, 1999, 581 p.). [In Kazakh]
- 2 Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. («Dike-Press», Almaty, 2008, – 968 p.). [In Kazakh]
- 3 A. Ysqaqov. Qazirgi qazaq tili. Morfologia [Modern Kazakh language. Morphology]. (Ana tili, Almaty, 1991, – 384 p.). [In Kazakh]
- 4 N. Oralbai. Qazirgi qazaq tilinin morfologiasy. [Morphology of the modern Kazakh language]. (Inzhu-Marzhan, Almaty, 2007, – 390 p.). [In Kazakh]
- 5 E.S. Kubrjakova. Chasti rechi s kognitivnoi toshki zrenia. [Parts of speech from the cognitive point of view]. (RAN, Moskva, 1997, - 331 p.). [in Russian]
- 6 A.T. Hrolenko. Semantika folklornogo slova. [The Semantics of the folklore word]. (Izd-vo WU, Voronezh, 1992, – 132 p.). [in Russian]
- 7 Babalar sozi. Zhyz tomdyq. [The words of the ancestors. A hundred volumes]. (Foliant, Astana, 2006. Volume 26, 2006, – 376 p.). [In Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Сыздықова Г.О. – филология ғылымдарының докторы, профессор. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Syzdykova G.O. – Doktor of Philology, Prof. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

GTAMP 17.81.31

А.В. Таңжарықова, А.Н. Юсуп¹

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: 'ayzhan.yusup@mail.ru)

Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі

Аңдатпа. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің даму ерекшелігі жағынан біршама трансформациялық өзгерістерге ұшырады. Сол себепті көркем әдебиеттің фундаментальды мәселелерін оңтайлы шешуде мифопоэтика алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі көркем әдебиеттегі мифопоэтикалық бағдар қаламгерлер шығармашылығындағы жалпы көркем-эстетикалық көріністерді суреттеумен қатар ақын-жазушылардың шығармаларындағы түрліше адами-философиялық ізденістерді де сипаттайды. Сондықтан бұл мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жерлер образының мифопоэтикалық негіздері қарастырылады. Яғни қазіргі қазақ поэзиясындағы мифологиялық танымға негізделген, шығарманың біртұтас құрылымдық жиынтығына айналған киелі жерлердің символдық-мотивтік, хронотоптық көрінісі сипатталады. Соған сәйкес ең алдымен киелі жерлерге қатысты адамзат танымында қалыптасқан басты ұғым-түсініктер мен нақты семантикалық қолданыстар мәдениет пен әлеуметтің константты үлгісін жасайды.

Түйін сөздер: миф, киелі жерлер, мифопоэтика, әдеби хронотоп, символ, мотив.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-115-120>

Кіріспе. XX-XXI ғасырда әлемдік білім және ғылым кеңістігінде мифке деген қызығушылық артты. Оның мән-маңызы өнер мен мәдениет, ғылымның әр саласында (әдебиет, музыка, археология, тарих, палеонтология, опера, кино, т.б.) айқын көрініс тапты. Қазіргі таңда әдебиет пен өнер тарихи даму ерекшелігі жағынан трансформациялық өзгерістерге ұшырауда. Сол себепті көркем әдебиет пен өнердің фундаментальды мәселелерін оңтайлы шешуде оның мыңжылдықтар бойы қалыптасқан даму эволюциясын есепке алмау мүмкін емес. Мұндай жағдайда екі аралықты байланыстырушы рухани жәдігер ретінде миф алдыңғы қатарға шығады. Ол ең алдымен адамзат табиғатының мақсат-мұраты мен арман-тілегін жеткізуші құрал ретінде мәдениет пен әлеуметтің константты үлгісін жасайды. Әр кезеңдерде мифтің ғажайып әлеміне көптеген сөз зергерлері жүгінген. Атап айтқанда, әлем әдебиетінде Т.Уильямс, Ж-П Сартр, Франц Кафка, П.Гауптман, Т.Манн, Х.Борхес, Г.Маркес, Х.Кортасар, т.б., орыс әдебиетінде Н.Гоголь, А.Чехов, М.Булгаков, В.Распутин, т.б., қазақ әдебиетінде М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, О.Бөкей, Т.Әбдік, А.Алтай, Р.Мұқанова өз шығармаларында мифтік образдарды, аңыз-әпсаналардың сюжеттік желісін пайдаланған.

Зерттеу мақсаты. Мифтік таным бағзы замандардан қалыптасқан әлемді танудың ертедегі формаларын синкретизмде көрсетеді, қайта жаңғырудың түрлі сатысын бейнелейді. Оның барлығы түп мәнісінде сакральдылық құндылыққа әкеледі. Бұл мәселелердің барлығы әдебиет теориясындағы мифопоэтикада сипатталады. Ал мифопоэтика дегеніміз сөз зергерінің қоршаған әлемді тұтастықта жасаған моделін, соған сәйкес оның мифтік танымына сай жүзеге асырылған символдар жүйесі мен басқа да поэтикалық категорияларды қамтитын поэтика. Біздің бұл мақаладағы негізгі мақсатымыз – қазіргі қазақ поэзиясындағы *киелі жерлер* образының мифопоэтикалық негіздерін зерделеу.

Мәселенің зерттеу тарихы. Қазақ – ежелден «кие», «қасиет» деген ұғымдарға аса мән берген халық. Ауызекі сөйлеу барысында қолданылатын «бір нәрсенің киесі ұрады» деген қолданыс әр қазаққа етене таныс. Себебі, ата-бабаларымыз ерте кездерден кейбір табиғи апаттар мен құбылыстарды, отты, жерді, тіпті кейбір жан-жануарлар мен құстарды, тұрмыс-тіршілікке қажетті заттар мен құралдарды «киесі бар» не киелі, қасиетті деп қастерлеген. «...Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым-жорасын жасап тұру адам баласына

байлық пен бақыт-құт әкеледі деп түсінеді. Ал осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу жоқшылыққа душар етеді... Киенің ашуы, қаһары кесір деп аталды» деп ойлаған [1, 27]. Сол себепті дана бабаларымыз көне замандардан киелі мекендерге рухани күш беруші, адам жанын тазартушы жер деп қараған. Қазақ тіліндегі сакральды атауларды зерттеуші А.Керімбаев «Табиғат» макротобына жататын сөздерді үшке бөледі: 1) киелі географиялық нысандар (тау, жота, өзен-көл, қорғандар, т.б.); 2) ғарыштық денелер атауы (күн, ай, жұлдыздар, т.б.); 3) өсімдіктер атаулары (ағаштар, шөптер, т.б.) [2.]. Біз өз жұмысымызда киелі жерлердің көркем әдебиеттің нысаны ретінде сакральды образға айналу үрдісі мен олардың қазақ жеріндегі аймақтық-мекендік маңызын ескере келе былай деп жіктедік:

1. Киелі таулар (Алтай, Ұлытау, Ордабасы, Қазығұрт, Толағай, т.б.);
2. Әулиелі үңгірлер мен обалар (Шыңғыстаудағы Қоңыр әулие үңгірі, Баянауылдағы әулиелі үңгірлер, т.б.);
3. Әулиелі жерлер (қорғандар мен мазарлар);
4. Әулиелі тастар (Тарбағатайдағы әулие тастар, Тамғалы тас, балбалтастар)
5. Киелі сулар (Арқадағы Бурабай көлі, оңтүстегі Жылаған ата өзені, шығыстағы Ертіс өзені, батыстағы Жайық өзені, Атасу, т.б.);
6. Әулиелі бастаулар (Қатынқарағай, Марқакөлдегі әулиелі бастаулар);
7. Киелі ағаштар (Жаркенттегі киелі ағаш, шығыстағы Қамысты мекеніндегі әулие тал, Ақсуаттағы Жалғызтал мекені, т.б.);
8. Киелі құдықтар (Маңғыстаудағы Масат ата құдығы, Шымкент өңіріндегі Укаша ата құдығы, т.б.)
9. Виртуальды санадағы мекендер (ғұн заманындағы Ергенекөн, түркі дәуіріндегі Өтүкен, Асанқайғы іздеген Жерұйық).

Аталған киелі нысандардың барлығы қазіргі қазақ поэзиясында символдық-бейнелілік көрініс тапқан.

Мәселенің талқылануы. Қазіргі қазақ поэзиясының мифке бағытталу үрдісінің өзіндік логикалық мотивтері мен себептері бар. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ әдебиетінің де ақтаңдақ беттері ашылып, ақын-жазушылар шығармашылығында еркіндік бой алды. Авторлардың өзін-өзі тану үдерісі **адамзат – уақыт – мәңгілік** контекстінде жүзеге асты. Осы үдеден шығу мақсатында жекелеген авторлар қайтадан түрлі мифтер мен ғұрыптарға, ежелгі символдар мен архетиптерге жүгіне бастады. «Әдеби энциклопедиялық сөздікте» зерттеушілер қазіргі әдебиеттегі көркем мифологизмге деген қызығушылықтың мынандай негізгі белгілерін атап көрсетеді: «В современной литературе можно выделить следующее более или менее «радикальные» типы художественного мифологизма: 1. Создание художником своей оригинальной системы мифологем; 2. Воссоздание глубинных мифо-синкретических структур мышления; 3. Реконструкция древних мифологических сюжетов, интерпретированных с большей долей вольного «осовременивания», 4. Введение отдельно мифологических мотивов или персонажей в ткань реалистического повествования, обогащение конкретно-исторических образов универсальными смыслами и аналогиями; 5. Воспроизведение таких фольклорных и этнически самобытных пластов национального бытия и сознания, где еще живы элементы мифологического мирозерцания; 6. Притчеобразность, лирико-философская медитация ориентированная на изначальные, архетипичные константы человеческого и природного бытия: дом, хлеб, очаг, дорога, вода, гора, детство, страость, любовь, болезнь, смерть и т.п.» [3, 224]. Дәл осылай ақын-жазушылар шығармашылығында мифопоэтикалық көріністердің берілуі көркем шығармада түрлі аңыз-эпсаналар мен мифтердің, архетиптер мен символдарды енгізу тәсілдерін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге қазіргі әдебиеттің синхронды және диахронды аспектілерде даму үрдісін де сипатайды. Әсіресе, қазіргі қазақ поэзиясында архетиптік бейне ретінде киелі жерлер мифопоэтикалық контекспен жиі беріліп жүр. Киелі жерлердің мұндай сипатта

берілуі ең алдымен адамзат баласының болмысты тануға деген құлшынысынан, сонымен қатар киелі нысандарға деген тәу ету мотивінен көрінеді. А.Шәріп ұлттық әдебиеттегі киелі жерлердің мифопоэтикалық көрінісін былай деп түсіндіреді: «...Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы атамекенді ардақтау, аялау сезімі көне түркілік кезеңде көшпенділердің мифтік-поэтикалық ойлау жүйесіне орайлас, Жер-Анаға (Ергене қон, Өтүкен) табыну тұрғысында қалыптасқан «қоныс – құт – құдырет» формуласына тәуелді» [4, 88 б.]. Мәселен, ақын Қазыбек Иса «Укаша әулие басындағы құдық немесе ер кезегі үшке дейін» деген өлеңінде Түркістан өңіріндегі киелі мекен болып есептелетін әулие құдықты жырға қосады. Өлеңде ақын киелі құдықты көпшілік қауым зиярат етіп баратын нысан ғана емес, сонымен бірге адам жанын тазартатын, бойына күш-қуат беретін жер, мифтік энергияның қайнаркөзі ретінде суреттейді. Киелі мекенге тәу етіп барған ақын тағдыр сынағынан өту үшін құдыққа үш мәрте шелек тастайды. Қауға тастағанда шелегі екі рет бос қайтқан ақын іштей налып, өзінің көңіл-күйін былай деп сипаттайды:

...Алдымен жұрт ақындықты сөз етті,
Сөйтіп, маған алғаш берді кезекті;
Шырылдатты-ау шырай бермей шыңырау,
Сусыз... қайтіп өшірем өрт өзекті?.. –
Бұл жолы мен бола алмадым деп епті,
Екінші рет қайта салдым шелекті,
Сыйынғанмен... сырт берді ме, Жасаған,
Су шықпады... Айтам елге не бетті?.. [5, 30 б.].

Қ.Иса өлеңінде мифтік аңызға желі болған Укаша әулие құдығының сыры қайтадан жаңаша сипат алып, рухани тазарудың кодтық белгісі ретінде көрініс табады. Соның нәтижесінде ақынның әулие құдықты құдырет санауына байланысты әлемді танудағы авторлық моделі қалыптасады. Бұл модельде негізгі рөл әулие құдыққа тиеселі. Яғни әулие құдықтың образы ақынның өлеңінде бұрынғының жаңғырығы және қазіргі кездегі тіршіліктің мәні ретінде суреттеледі. Ол рухани жағынан таза, сакральдылық мағынаға ие. Ақын тілегін тілеп, үшінші рет қауға салып шелекті тартқанда, оған су беріледі. Өзінің бойы тазарып, рухтанып, бойына күш-қайрат біткенін ақын былай деп жырлайды:

...Бойды шарпып жатқан кезде зор жалын,
Бос кетер ме ойлаған бұл болжамым?
Солқ еткенде салмақ тартып қыларқан,

Солқ етті ғой қуаныштан сол жағым... –дейді. Бұл жерде ақын әдеби хромотоп негізінде ерте кезден мифтік қасиетімен белгілі киелі нысанның қазіргі кезеңдегі жалғастығын шендестіріп, бүгінгі рухани таным тұрғысынан параллель бейнелейді.

Негізінен әлемдік әдебиетте авторлық мифопоэтикада «мәңгілік тақырып» ретінде бейнеленетін архетиптер де қазіргі шынайы өмірдің коллизиясы ретінде ерекше қолданыс табады. Поэзияда сондай көрініс тапқан киелі нысандардың бірі – киелі ағаштар. Халық ауыз әдебиетінде кейіпкерлердің ағаштар мен гүлдерге келіп мұңын шағуы, сырын айтуы түрлі кейіптеулер мен мінездеулер арқылы беріледі. Себебі түркілерде ағашқа табыну мотиві ерте дәуірлерде-ақ қалыптасқан. Ағашты адам жанының жартысы деп түсінген бабаларымыз қайтыс болған адамның жаны ағаштың қуысын мекендейді деп түсінген-мыс. Б.Қанарбаева айтып көрсеткендей: «...Ешқандай тіршілік белгісі жоқ сусыз жерлерде өз бетінде жайқалып өсіп тұрған ағаштарды «киелі» деп табынған. Ондай ағаштарда қасиет бар деген сеніммен мал сойып құрбандық шалып, бастарына түнейтін болған. Оның тағы бір себебі адам өлгенменде оның жаны (аруағы) өмір ағашымен бірігіп өмір сүріп жатыр деген ұғымды қалыптастырған. Сондықтан әулие ағаштардың басына түнеп, құрбандық шалуға келгендер бойларындағы кеселдерден құтылу үшін түрлі тілектер тілеген...» [6, 126 б.]. Осылай ағашты кие тұту мотиві Ж.Әскербекқызының «Жалғыз тал»

өлеңінде де байқалады. Жалпы ағаш культі жайлы түсініктер барлық халықтарға тән. Ол ұғым негізінен ағашты әлем кеңістігі деп түсінуден қалыптасқан. Әлемдік мифологияда ағаш өлілер мен тірілер әлемін жалғастырушы дәнекер ретінде бейнеленеді. Яғни ағашпен тілдесу, оған мұң-сырын айту, оның бұтақтарына шүберек байлау арқылы өлілер рухымен табысып, тірілердің назын жеткізу ерте кезден-ақ қалыптасқан дәстүр десек те болады. Ақын жапанда өскен жалғыз талға өзінің сырын айтып, былай деп ақтарылады:

Жалғызтал,

Жапанда бітіп жабықтың ба екен,

Жалғыздық көріп, жабықтың ба екен,

Жапырақтарын жамырай жылап,

Жалғыз жолаушыны налыттың ба екен... [7, 10]. Бұл жерде жалғызталға арнау айту арқылы ақын адам өміріндегі жалғыздық сарыны жайлы да баяндайды. Ақын мифологиялық образға қарата айтқан арнауында оған жаңа мән үстеп, қазіргі мазмұнына сай форма тудырады. Ақын жалғызталға айтқан сыры арқылы өзінің болмыс-бітімінен де хабар береді. Егер әлеуметтен жырактанатын болсам, «жапанда өскен жалғызталды далама кетемін» деп ой қорытады:

Жалғызтал, болдың ба бабама мекен,

Сусаған жүрек нәр ала ма екен?!

Кінәмшіл көңіл түңілсе бір күн,

Жалғыз тал өскен далама кетем» [7, 10].

Ақынның жырлауында дала мифологемасы кеңістік-уақыт континуумы ретінде кие мен қасиетке ие ата-бабалардан қалған асыл мұра. Ол лирикалық кейіпкер танымында адамға сенім ұялатады, рухани мұрат сыйлайды, жан мен тәнді тазартады.

Қазіргі кезде ақындар өз өлеңдерінде мифті бастапқы таза қалпында болмаса халық арасында сақталған күйінде алмайды. Қайта бүгінгі өмірмен астастыра, салыстыра суреттейді. Соған сай көркем әдебиеттегі қалыптасқан мұндай үрдіс постмодернистік сипат алуда. Ақындар мифопоэтикалық образдарды өз шығармасында енгізуде ескі сарынды қайталау, еске түсіру мақсатында қолданбайды. Керісінше жас ұрпақтың санасын оятып, ұлттық жадыны жаңғыртуға ден қояды. Поэзияда ақын қолданған мифопоэтикалық образдар жаңа мағынаға ие болып, жаңаша көрініс табады. Ол авторлық қолданыста өзінің бастапқы қалпынан да өзгеше сипат алып, тереңірек мән-мағынаны иеленеді. Мәселен, А.Темірбай өзінің Көкшетау туралы жазған арнау өлеңдерінде «анасының анасы мекен еткен, әкесінің әкесі қоныс еткен» Көкшетауды ерекше қасиетке ие, «өте пәк, өте кербез, өте керім, Мекке мен Мәдинадай киелі мекен» ретінде символдық образ дәрежесіне көтереді. Өйткені, әлем мифологиясында әрбір тау шексіз жаңару мен жаңғырудың, қайта түлеудің бейнесі ретінде магиялық күшке ие. Соған сай адам танымында таудың қалыптасқан концептуалдық семантикасы да әртүрлі десек те болады. Ақын өлеңінде Көкше тауы кешегі мен бүгінді, өткен мен болашақты жалғастырушы кеңістік ретінде рухани және табиғи әлемді байланыстырады. Ол былай деп жырлайды: Көзіме Көкшетау боп көрін бақыт,

Тірімде тілегімді орындатып.

Мен сенің топырағыңды жер астынан,

Сүйеніп, сүйем мәңгі өліп жатып» [8, 17].

Ақын үшін тау өліден қайта тірілудің символы, бағыт-бағдар беруші темірқазық, жол көрсетуші шамшырақ іспеттес. Сол себепті ол «кеудемді Оқжетпес қып тіп-тік ұстап, Басымды Жұмбақтас қып көтеремін» деп мифопоэтикалық образ жасап, тау мен тасты тірілтеді, тау-тасқа айналу сарынын көркемдік поэтикалық құрал ретінде пайдаланады. Ақын поэзиясында тау жаратылыс әлемінің үш бөлігін (тау шыңымен таласқан көк аспан, адамзат табанының тұғыры кара жер, мәңгілік мекен жер асты) біріктіріп тұрған мифологема ретінде жинақтық функциясымен ерекшеленеді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, қазіргі қазақ поэзиясындағы мифология мен реалистік өмірдің тұтасуы көркем әдебиетте жаңаша түр қалыптастырады. Ақындар киелі жерлерді мифопоэтикалық формада бейнелеу арқылы лирикалық кейіпкер әлемін өзгертіп, әлемді тануға байланысты әмбебап түсініктерді дүниеге әкеледі. Поэзиядағы киелі нысандарға қатысты түрлі символдық мотивтер мен қолданыстар дәстүрлі мифология символдарының модификациялануына әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ бақсы-балгерлері: / Құрастырған Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
- 2 Керімбаев А. Қазақ тіліндегі сакаральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты. / Фил.ғыл.кан.дәр.алу үшін жаз.дисс. - Алматы, 2007. – 134 б.
- 3 Литературный энциклопедический словарь / Под общей ред. В.М. Кожевникова, П.А. Николаева. Редкол.: Л.Г. Андреев, Н.И. Балашов, А.Г. Бочаров и др. – Москва: Советская Энциклопедия, 1987. – 752 с.
- 4 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея / А. Шәріп – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
- 5 Қазыбек И. Қызыл жыңғыл: Жыр кітабы. / И. Қазыбек – Астана: Фолиант, 2002. – 132 б.
- 6 Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. / Б. Қанарбаева - Алматы: «Жазушы», 2004. – 288 б.
- 7 Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. / Ж.Әскербекқызы – Алматы: Жазушы, 2007. – 240 б.
- 8 Темірбай А. Автопортрет. / А. Темірбай – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 258 б.

А.В. Танжарыкова, А.Н. Юсуп

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Мифопоэтические мотивы сакральных мест в современной казахской поэзии

Аннотация. С момента обретения независимости казахская литература претерпела некоторые трансформационные изменения в своей специфике. По этой причине мифопоэтика вышла на передний план в решении фундаментальных проблем художественной литературы. Мифопоэтическая ориентация в современной художественной литературе наряду с общими художественно-эстетическими проявлениями творцов описывает различные человеко-философские исследования в произведениях поэтов и писателей. Именно поэтому в данной статье рассматриваются мифопоэтические основы сакрального пейзажа в современной казахской поэзии. Для него характерны символические мотивы, хронотопические проявления сакральных мест, основанные на мифологических знаниях в современной казахской поэзии, ставшей единой структурой произведения. Соответственно, основные понятия и конкретные смысловые практики, формируемые в познании сакральных мест, являются прежде всего константами культуры и социальности.

Ключевые слова: миф, священные места, мифопоэтика, литературный хронотоп, мотив.

A.V. Tanharykova, A.N. Yusup

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Mythological-Poetic Basis of Sacred Places in Modern Kazakh Poetry

Abstract. Since independence, Kazakh literary science has undergone some transformational changes in its specifics. For this reason, the mythic philosophy came to the fore in solving the fundamental problems of fiction. The mythic-poetic orientation in modern fiction, along with the general literary and

aesthetic manifestations of the creators, describes various human-philosophical studies in the works of poets and writers. That is why this article discusses the mythological and technical foundations of the sacred landscape in modern Kazakh poetry. It is characterized by symbolic motifs and chronotopic manifestations of sacred places, based on mythological knowledge in modern Kazakh poetry, which has become a single structure of the work. Accordingly, the basic concepts and specific semantic practices, formed in the knowledge of sacred places, are primarily constants of culture and sociality.

Keywords: myth, sacred places, mythic poetics, literary chronotope, symbol, motive.

References

- 1 Qazaq baksy-balgerleri / qurast. J. Daurenbekov, E. Tursynov [Kazakh master talents / Comp. J. Daurenbekov, E. Tursunov]. (Ana tili, Almaty, 1993, 224 p.). [In Kazakh]
- 2 Kerimbaev A. Qazaq tilndegi sakraldy ataulardyn etnolingbistikalyk sipaty / fil. gyl. kand. dar. alu yshin jaz. diss. [Ethnolinguistic character of sacral names in the Kazakh language. Candidate of Philological Sciences] (Almaty, 2007, 134 p.). [In Kazakh]
- 3 Literaturnyj ehnciklopedicheskij slovar' / Pod obshchej red. V.M. Kozhevnikova, P.A. Nikolaeva. Redkol.: L.G. Andreev, N.I. Balashov, A.G. Bocharov i dr. [Literary-encyclopedia dictionary (L.V. General, V.K. Kozhevnikova, P.N. Nikolayeva, Redkol: L.G. Andreev, N.I. Balashov, A.G. Bucharov and others)]. (Encyclopedia, Moscow, 1987, 752 p.). [in Russian]
- 4 Sharip A. Qazaq poehziyasy zhane ulttyq ideya [Kazakh poetry and national idea]. (Almaty, 2000, 336 p.). [In Kazakh]
- 5 Kazybek I. Qyzyl zhyngyl: ZHyr kitaby [Red Junction: Collection of verses]. (Foliant, Astana, 2002, 162 p.). [In Kazakh]
- 6 Kanarbaeva B. Qazaqtyn nanym-senimderinin fol'klordagy korinisi [Views of Kazakh beliefs in folklore]. (Writer, Almaty, 2004, 288 p.). [In Kazakh]
- 7 Askerbekkyzy J. Qaz qanatyndagy gummyr [Life on the wings of a bird: verses and poems]. (Writer, Almaty, 2007, 240 p.). [In Kazakh]
- 8 Temirbai A. Avtoportret [Self-portrait]. (Kazygurt, Almaty, 2005, 258 p.). [In Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Таңжарықова А.В. – Филология ғылымдарының докторы, Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауым. профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық проспектісі 13, Алматы, Қазақстан.

Юсуп А.Н. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығының 2-курс докторанты, Достық пр. 13, Алматы, Қазақстан.

Tanharykova A. V. – Doctor of Philology, Associate Professor of Kazakh and literature Department named after Academician S.Kirabaev, Abay Kazakh National Pedagogical University, Dostyk ave., 13 Almaty, Kazakhstan.

Yussup A.N. – 2 rd year PhD student of specialty «6D021400 – Literary Studies» of Abay Kazakh National Pedagogical University, Dostyk ave., 13 Almaty, Kazakhstan.

XFTAP 17.82.32

Р.С. Тұрысбек¹, Э.Қ. Мәтібаева²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹rst58@mail.ru, ²m.k.emikon@mail.ru)

Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша)

Аңдатпа. Мақалада көрнекті қаламгер Дүкенбай Досжанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жазылған әңгіме, хикаяттары, ондағы қоғам мен адам, заман шындығы кең көлемде талданады. Жазушы шығармашылығындағы тақырыптық ерекшелік, жанр жүйесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтар мәні де сөз етіледі. Жазушы еңбегі мен шығармашылық мәселесіне де тиісінше орын беріледі. Қаламгердің шығармашылық мұрасы, ондағы адам өмірі мен еңбегі, жанр мүмкіндігі мен көркемдік құндылықтары, мәтін құрылымы, образ жасау жолдары, тіл мен стиль сипаттары, соңында қалған мұралары ұрпаққа үлгі, келешекке аманат. Ендеше, оның туындыларын талдап, әдебиет әлемінен әлі де болса тереңірек орын беру – міндет.

Түйін сөздер: жазушы, тақырып, жанр, көркемдік, мәтін, эстетика, тіл.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-121-128>

Кіріспе. Ұлттық әдебиеттануда жазушы еңбегі мен шығармашылығына кең орын беріледі. Бұл реттен келгенде, көрнекті қаламгер Дүкенбай Досжан шығармашылығы, әсіресе шағын жанрдағы туындыларының әлеуметтік мәні, тақырыптық жүйесі, көркемдік арналары арнайы сөз етуге, кеңінен қарастырылуға мол мүмкіндіктер береді.

Ойға алсақ, болашақ қаламгер орта мектептің 7-сыныбын бітірген жылы орыс жазушысы Гогольдің «Өлі жандарына» еліктеп пьеса жазады. Артынша Пушкиннің «Руслан және Людмила» поэмасына ұқсас сарында дастан жазып шығады. Осылайша, оның әдеби шығармашылыққа деген құштарлығы оянады.

Мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне түседі. Онда Мұхтар Әуезов, Есмағамбет Ысмайлов, Бейсенбай Кенжебаев, Мәулен Балақаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Асқар Тоқпанов, Ісмет Кеңесбаев, Мұхаметжан Қаратаев, Зейнолла Қабдолов сынды қара сөз зергерлерінің дәрісімен сусындап, білімін жетілдіреді. Алғашқы туындысы 15 жасында жарық көрген Д. Досжан, бертін келе 19 жасында, яғни 1961 жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінде Асқар Тоқмағамбетовтің алғысөзімен бір топ өлеңдерін жариялайды. Болмысына адамзат баласына қажетті сезімдердің, өнердің, таланттың, дарындылық пен даралықтың тұтас табиғатын бір-ақ жиып алған жазушы араға уақыт суытпай бірінің артынан бір жаңа туындыны жарыққа шығарады. Қиялын қанат, арманын арғымақ ете отырып, «Ұста», «Тобылғы» әңгімелерімен шығармашылықтың шыңына өрлей береді. 1971 жылы «Жусан мен гүлдер» кітабы шықса, 1972 жылы Қазақстанның миллиард пұт астық жинауы туралы «Дән», «Диқан» очерктері үшін Қазақстан Орталық партия комитеті мен Үкіметінің марапат қағазын алады.

Зерттелу нысандары. Авторлық жазбаға назар аударсақ, өзінің пенделік ғұмырында 11 роман, 22 хикаят пен 100-ден астам әңгіме жазған қаламгер ұлт мақтанышына айналды. Тіл табиғаты бай, шұрайлы келетін жазушының ең көп оқылатын автор екендігі де оның шығармашылығының көркемділігімен байланысты. Ол – астарлы шындықты бағамдайтын шыншыл қаламгер, қоғамдағы өткіртақырыпты дөп басып жазатын жазушы. Бұл ретте зерттеушілер оның шығармашылығын үш салаға бөліп қарастыратынын ойға алған жөн. Айталық, *бірінші:* көне ғасыр қойнауынан ер түрік рухын тірілткен 60 жылдар басындағы тарихи тақырыптағы – «Жібек жолы», «Отырар», «Фараби» шығармалары. *Екінші:* бодандық бұғау мен шенеуніктер езгісі зардабынан мінез экологиясына ұшыраған

өмірзая ұрпақтар образдарының галереясы – «Зауал», «Дария», «Табалдырығыңа табын», «Жолбарыстың сүрлеуі», «Кісі ақысы» кітаптары. Ал үшіншісі: ғажайып адамдар ғұмырын көркем тілмен сөйлеткен сериялық кітаптар қатарына – «Мұхтар жолы», «Абайдың рухы», «Алыптың азабы» кітаптары енеді [1, 62].

Осы орайда Д. Досжанның Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 60 жылдай жабулы тұрған мұрағатына алғаш кіріп, сот құжаттары желісімен 1992 жылы «Абақты» атты дерекнама кітабын жазғанын айта кеткен жөн. Артынша, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қырғынының қанды ізімен – «Алаң» романы дүйім жұртқа жол тартты. Біздіңше, бұл туындылар тақырыптық мәнімен, елдік-ерлік рухын асқақ көрсетуімен, бастысы жанр жүйесі мен көркемдік өрісті, танымал тұлғалардың өмір-тағдырын дәлелді де нақты, нанымды суреттеуімен құнды болып табылады.

Нәтижелері мен талдаулар. «Дүкенбай Досжан қолтаңбасының ерекшелігі: дүниені суретпен көреді, аллегория, шендестіруге жиі жүгінеді. Тіл құнары бай. Көбіне магиялық реализм әдісімен жазады. Кейіпкердің ішкі жан сарайын ашуда – ой ағынына, пәлсапалық түйін түюге, максималистік көзқарасқа басымдықпен қалам тербейді» [1, 6] Бұл жай ғана анықтама емес, расында солай. Осы ретте, Әбіш Кекілбаевтың Д. Досжанға арнап: «Жазушының суретшілігі басым, сөздің ішіне түсіп жазатын қазбагер жазушы» дегені ойға оралады. Дүкенбай Досжанның қаламы жазбаған, сиясы тимеген тақырып жоқтың қасы деуге болады. «Ол жеке бастың қамын күйттемей, әдебиетке адал қызмет ете отырып, аса төзімді, аса бейнетқор, ақжарқын кейіпкерлер галереясын жасады. «Өмір сүру – өнер», «...әр тағдырдың өз шындығы бар», «ақын – жаратқан иенің жердегі көзі», «жікшіл адам жартыкеш» секілді көптеген ой оралымдарын туғызды» [2].

Жазушының тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген – 1997 жылы «Алыптың азабы», 2000 жылы – «Дала гладиаторлары», 2005 жылы – «Ақ Орда» романы, «Үш тағдыр», «Балалықпен тілдесу», «Диолог с детством» туындылары баспа беттерінде жарияланса, ал 2006 жылы – «Жан тәтті», 2007 жылы – «Астананың бас архитекторы», 2008 жылы – «Жазмыштың формуласы», «Абайдың рухы», 2009 жылы – «Терезенің жарығы», «Когда я умирал» атты кітаптары шықты. Бұл еңбектердің қай-қайсысы да ізденіс пен еңбектен тұратыны ақиқат.

Теориялық тұрғыдан талдар болсақ, А. Байтұрсынов: «...Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: біріншісі – ақылға, екіншісі – қиялға, үшіншісі – көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау» [3, 10] дейді. Осыны назарға ала отырып, Д. Досжанның сөз өнері аталған үш негізге – жинақы ой, композиция, тың идеялармен барып орнығатынын, қиялымен меңзеп, ақылымен ұғына отырып, көңілімен ою түюге жүгінетінін байқау әсте қиынға соқпайды. Анығында жазушы шығармашылығында шағын жанрдағы туындылары өзінше әлем, өзгеше өрнек құрайды. Мұның барлығы да оның даралық сипатын білдіреді.

«Шығарманың белгілі бір жанр аясында болуы – жай ғана нәрсе емес. Жанрдың ерекшелігі шығарманың бүкіл көркемдік болмысын айқындайды. Бір сюжет әртүрлі жанрда әр түрлі шығарма береді. Ол шығармалардың көркемдік сипаты, эмоционалдық күш-қуаты жанрдың қасиеттеріне байланысты» [4, 17]. Д. Досжанның шығармашылығындағы жанр жүйесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтары ұтымды жасақталған деуге болады. Жанр дегеніміз – шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелеу, өрілу тәсілдері болса, қаламгер әңгімелеріндегі құрылым, сюжеттің ретті баяндалуы, олардың бір-бірімен ұтымды байланысуы анық көрінеді.

Мысалы, «Ине ұшындағы өмір» хикаятындағы оқиғаның басталуы, қызған шағы, бас кейіпкердің дертті жұқтырып өмірінің астан-кестені шығуы (шиеленісуі), оның себептері мен салдарын іздеуі, сүйіктісіне қосыла алмай арманда кетуі. Әңгіме басында бір рет

аты аталған грузин жігіті Жұманың оқиға соңында дйттеген мақсатына жетіп, еріксіз күле беруі. Оқырманға екіұдай ой салып қояды автор. Айбар ауыр дертті абайсызда жұқтырды ма, әлде қасақана жасалған нәрсе ме?

Онда негізінен заманның өзекті болған мәселесі, ғасыр дерті – СПИД ауруы жайында егжей-тегжейлі ақпарат беретін жазушы, адамзаттың тағдыр алдындағы әлсіздігі, дұрыс жүріп-тұру, адал өмір сүру, махаббат пен ғадауат, тіршілік пен өлім мәселелерін қозғайды. «...Дүниені бар бояуымен сезіну – адамның аса бақытты кезеңі. Кейінгі кезде сол бояу солғын тартып, мына тіршілік дәмі таңдайына кермек татып бара жатқандай. Жасыл бояуды сезінбейді, жүрегі лоблып құсқысы келеді» [5, 7]. Бұл бас кейіпкер Айбар Арыстанұлының соңғы кездегі жай-күйі. Автор осы хикаяты арқылы аты жаман дерттің неге мына ғаламды дендеп кеткендігіде тереңірек үніле отырып, оған тұшымды бірнеше жауаптар береді: «...Адамдар қатыгездене түсті. Аяушылық азайды. Бірін-бірі жоюдың сұмдық жаңалығын ашты. Ғылым мен техника заманы адамның рухани жетілуін ұмыттырды. Дүниені жалған деп жалпағынан, жанымен қабылдаудан қалды. Рухани әдепті тозған киімше лақтырып, жан әлемін жетілдірудің орнына қатып қалған заңдылықтардың қалбырына қамады. Адамдар Жоғарғы еріктен қол үзді», -дейді қаламгер. Бұл ретте ұлы жаратушыға сенім артудан, үміт етуден тиылғандардың сүрлеуі соқпақ өмірдің кермек дәмін татарына көзсіз иландырады. Одан кейін: «... Ең жаманы – адам санасына күдік пен өшпенділік дендеп енді. Не істесек те еркімізде, есеп алып, таразыға салып істеген күнәні өлшеп-пішетін құдірет жоқ деген сенім иектеді», -дейді ашынып. Артынша, дөңгеленген дүниенің науқасқа айналғанын, оны емдей қоятын құдірет-күш шықпағанына назар аударады. «Адам ағзасындағы ауру бірте-бірте жерге ауысты. Тіршілік тамырын қиған қилы қатерлі шіри бастаған денелерді, атом қалдықтарын, улы заттарды жер қойнына көміп құтылуға дағдыланды. У мен ауру қоймасына айналған дүние ырғағынан жаңылып, қалыпты райы бұзылып, әр түкпірде жер сілкіну, өзен, теңіздің тартылуы, дауыл, аштық, індет, тұмау, соғыс, ереуіл, опасыздық дендеді; ертеңінің не боларын болжап білу қиындады.

Н.Қоқышеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүше атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер», (2001), Б.Есімсейітовтің «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер (бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістіктері негізіндегі сөзжасамдық ұялар тұрғысынан)» (2002) атты диссертациялары ұя мәселесіндегі алғашқы арнайы зерттеулер болатын. Ғалым К.Құрманәлиев орыс тіл білімінде ұя мәселесінен 20 диссертация қорғалған деген тілдік деректі салыстырудан қазақ тілінде сөзжасамдық ұя мәселесі әлі де зерттеуді қажет ететінін айтқан болатын. Н.Қоқышеваның кандидаттық диссертациясы негізінен сөзжасамдық саты мәселесін зерттеуге арналған. Сөзжасамдық саты ұяның бір өзекті мәселесі ретінде зерттелген.

Орыс тіл білімінде А.Н.Тихоновтың көлемді сөзжасамдық ұялар сөздігі бар. Қазір қазақ тілінде сөзжасамдық ұялардың толық сөздігі жоқ. 90 жылдары жарыққа шыққан О.Тоққожаеваның сөзжасамдық ұяларға арналған сөздігінде синтетикалық тәсіл ғана қамтылған. Сондықтан мақаламызда қамтылған ғылыми мәліметтер мен тұжырым нәтижелері жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» пәнін оқытуда дәріс, семинар сабақтарына қазақ тілінің сөзжасамдық ұялар сөздігін құрастыруда қосымша материал ретінде пайдалануға өз үлесін қосады деп ойлаймыз.

Б.Сағындықұлы «**ақ**» сөзінің мағынасы алғашқыда етістік, кейін конверсиялық жолмен бірте-бірте сын есімге, кейін зат есімге айналған деп, **ақ** сөзінің жасалу жолын семантикалық сөзжасамға жатқызады [7].

А.Салқынбайдың «Қазақ тілі сөзжасамы» оқу құралында **ақ** сөзінің семантикалық дамуы нәтижесінде пайда болған **ақбурыл, ақпейіл, ақбақай, ақжарқын, ақжүрек, ақжелең, ақкөбік, ақөлең, ақсауыт, ақсорпа, ақ шаш** туынды атаулары берілген [8, 106].

Ғалым Б.Қасымның «Күрделі зат есімдер сөздігінен» [9] және «Қазақ әдеби тілінің сөздігінен» [10] **ақ** түбірінің қатысуымен жасалған 211 туынды сөз жинақталды. Бұл ретте лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған екіншілік мағынадағы туынды сөздер де

есепке алынды. Ұя құрылымы өте күрделі, көлемді. Сөзжасамдық ұя құрылымына талдау жасайтын болсақ, бұнда 15-і синтетикалық тәсіл арқылы, 21-і лексика-семантикалық тәсіл арқылы, 175-сі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған. 202 сөзжасамдық жұп, 174 сөзжасамдық тізбек, 3 сөзжасамдық тарам, 6 сөзжасамдық саты бар. Бірінші сатыда 180 туынды сөз, екінші сатыда 12 туынды сөз, үшінші сатыда 3 туынды сөз, төртінші сатыда 3 туынды сөз, бесінші сатыда 1, алтыншы сатыда 1 туынды сөз жасалған. Бұдан шығатын қорытынды: ең көп туынды сөз бірінші және екінші сатыларда орналасқан, ал үшінші мен төртінші, бесінші мен алтыншы сатыларда туынды сөздер саны тең болып келеді. Демек, түп негізден алыстаған сайын сатылардағы туынды сөздер саны да сирей бастағанын көреміз. Сонымен қатар бұл сөзжасамдық ұяда аналитикалық тәсілдің сөзбірігім жолы арқылы жасалған туынды сөздер өте көп кездеседі.

Ақ түбірінен өрбіген сөзжасамдық ұя сызбасы төмендегідей:

Түбір	1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты	6-саты
Ақ	ақта	ақтау ақтат	ақтаушы ақтатқыз	ақтаушы- сыз, ақтау- шылық, ақтатқыз- дыр.	ақтатқыз- дырт	ақтатқыз- дыртқыз

ақсыз
 ақ орда
 ағырақ
 (әп) пақ, аппақ
 ақшыл ақшылт ақшылтым
 ақауыз (ауру, жара)
 ақайрауық (өсім.)
 ақбайпақ I (өсім.), ақбайпақ II (індет, ауру)
 ақбайтал (күртік қар)
 ақбақай (өсім.)
 ақбалық (балық)
 ақбанды (көне.; белогвардейцы)
 ақбас (1.түйе ауруы, 2.өсім.) ақбасқурай (өсім.)
 ақбасшалғын (өсім.)
 ақбасшөп (өсім.)
 ақбаспалау (өсім.)
 ақбаттауық (өсім.)
 ақбауыр (құс)
 ақберен (көне.; сауыт)
 ақбидай (астық)
 ақбикеш (ақталған тары)
 ақбүйрек (өсім.)
 ақбоз сын. ақбозат (астр.)
 ақбөкен (аң)
 ақбілек (өсім.)
 ақбурыл
 ақгүл (өсім.)
 ақдабы (мата)

ақдәрі (өсім.)
ақжайма (простыня)
ақжал (өсім.)
ақжалбыз (өсім.)
ақжарқын
ақжаулық (1. әйелдің бас киімі; 2. әйел, зайып)
ақжапырақ (өсім.)
ақжелең (халық әуені)
ақжелек (өсім.)
ақжелкек (өсім.)
ақжелкен (өсім.)
ақжем I (өсім.), ақжем II (1. қыран құсқа беретін ет;
2. су сорып, терінің үлбіреп қалуы; 3. тозған)
ақжол I (топырақ), ақжол II (ырым, ұран), ақжолтай (жолы болғыш; удача)
ақжуа (өсім.)
ақжусан (өсім.)
ақжұпар I (өсім.), ақжұпар II (өсім.)
ақжүгері (өсім.)
ақжүзген (өсім.)
ақжүзім (өсім.)
ақжүрек (өсім.)
ақизен (өсім.)
ақиық (қыран, құс)
ақкекіре (балық)
ақкелін (өсім.)
ақкөбе (тар.; сауыт киім)
ақкөбелек (жәндік)
ақкөбең (өсім.; бидай)
ақкөбік
ақкөз (балық)
ақкіріш (тас)
ақкіс (аң)
аққайнар (шарап)
аққайран (балық)
аққайың (өсім.)
аққакпак (өсім.)
аққала (ойын)
аққалақ (аң)
аққанат (өсім.)
аққаңбақ (өсім.)
аққаптал I (балық, кит), аққаптал II (жауырдан кейін шығатын ақ жүн),
аққаптал III (індет, ауру)
аққараған (өсім.)
аққарқара (құс)
аққас (түшкіргенде айтылатын сөз)
аққасқа (миф.; айту)
аққатпа I (өсім.), аққатпа II (қой ауруы)
аққияк (өсім.)
аққой (өсім.)

аққонақ (өсім.)
аққоңырбас (өсім.)
аққорғасын (өсім.)
аққоян (аң)
Аққу I (астр.; шоқ жұлдыз), аққу II (құс)
аққугүл (өсім.)
аққуоты (өсім.)
аққурай (өсім.)
аққұйрық (құс)
аққұлақ I (аң), аққұлақ II (аң және қой, ешкі ауруы), аққұлақ III (өсім.)
аққылтан (өсім.)
аққылтық (өсім.)
аққұман (ыдыс)
аққұр (құс)
аққұрт (ауру)
аққұс (у тас)
аққұтан (құс)
аққылтақ (бидай)
аққырау (иней)
ақлэйлек (құс)
ақмай (мақта майы)
ақмамық (өсім.)
ақмарал (аң)
ақмаржан (күріш)
ақмарқа (балық)
ақмия (өсім.)
ақмұрт I (жерг.; сөктары), ақмұрт II (жерг.; ұлтан)
ақнабат (қауын), ақнауат (үлкен сары қауын)
ақпейіл
ақөлең (өсім.)
ақсақал (1. қария; 2. ел билеген рубасы)
ақсаңырауқұлақ (өсім.)
ақсарағат (көне)
ақсарбас (миф.; ырым)
ақсары I (жыртқыш құс), ақсары II (өсім.) ақсарыгүл (өсім.)
ақсарымсақ (өсім.)
ақсасыр (өсім.)
ақсауыт
ақсәуле (өсім.)
ақсексеуіл (өсім.)
ақселеу (өсім.)
ақсерек (ұлт.; ойын)
ақсерке (балық)
ақсирақ (малдың жұтап қырылуы)
ақсора (бұта), ақсу (шай)
ақсорпа
ақсусар (аң)
ақсұңқар (экспр.; қыран құс)
ақсүйек I (ойын), ақсүйек II (өсім.), ақсүйек III (тек, бекзада)

ақсүйрік (өсім.)
ақсүмбе (көне. мұнара)
ақсырттан (өсім.)
ақтабан (жұт)
ақтамақгүл (өсім.)
ақтамыр (өсім.)
ақтаңдақ (тері ауруы), ақтаңдақтар (саяси термин)

ақтас I (түйме), ақтас II (жерг.; әк)
ақтаспа I (өсім.), ақтаспа II (құрт)
ақтаяқ I (көне.; хан мен патшаның атарман-шабарманы),
ақтаяқ II (кәсіби, мұрап)
ақтерек (ағаш)
ақтиін (терісі бағалы тышқан)
ақтоқал (өсім.)
ақтон (бидай қабығы)
ақтопалаң (індет)
ақторта (балық)
ақтұйғын (құс)
ақтұмсық (құс)
ақтұнба
ақтұнжыр (құс, қаршыға)
ақтұт (жәндік)
ақтүйебас (ойын)
ақтүйнек (картоп)
ақтүлкі (аң)
ақтүтек (пурга)
ақтышқак (ауру)
ақтышқан (аң)
ақтікен (өсім.)
ақтілеу (ізгі көңіл қалауы)
ақуыз
ақұнтақ (қызылша өсімдігінің ауруы)
ақұрық (қауын)
ақүрпек I (балық), ақүрпек II (өсім.)
ақшабақ (балық)
ақшагүл (өсім.)
ақшағала (құс)
ақшайыр (өсім.)
Ақшақар (снегурочка)
ақшам (1. іңір; 2. намаз) ақшамсоқыр (ауру)
ақшаңқан (өсім.)
ақшатыр (өсім.)
ақшатау (өсім.)
ақ шаш
ақшелек (мал ауруы)
ақшеңгел (өсім.)
ақшешек I (ауру), ақшешек II (өсім.)
ақши (өсім.)

ақшоқан (өсім.)
ақшолақ (тышқан)
ақшом (көне. керуен ақшомшы (көне. керуенші)
ақшөп (өсім.)
ақшуақ (бұта)
ақшұнақ I (1. су өсім.; 2. боран), ақшұнақ II (тышқан),

ақшытыр (өсім.)
ақшілік (өсім.)
ақшірік (өсім. кеселі)
ақамур
ақбұзаубас
ақсырғақ сын. (суық күзде тоңазыған жердің жүруге тайғанақ болуы)

Қорытынды. Қорытындылап айтқанда, сөзжасамдық ұя мәселесінің ғылыми-теориялық негізіне жасалған шолудан қазақ тіл білімінде О.Токқожаева, Т.Тоқтарова, Н.Қоқышева, Б.Есімсейітов, Д.Қуандықованың еңбектерінде зерттелгені анықталды. «Ақ» түбірінің қатысуымен жасалған туынды сөздердің қатары айқындалып, сөзжасамдық ұяға талдау жасау арқылы оның сөзжасамдық әлеуеті қарастырылды. «Ақ» сөзінен өрбіген сөзжасамдық ұяға жасалған талдау нәтижесі оның сөзжасамдық әлеуетінің мол екенін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / М. Бұралқыұлы – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 608 бет.
- 2 Токқожаева О. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігі / О. Токқожаева – Алматы, 1996. – 175 б.
- 3 Қоқышева Н.М. Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүшелері атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер: филол.ғыл.канд... дисс. ... авторефераты / Н.М. Қоқышева – Алматы, 2001. – 26 б.
- 4 Есімсейітов Б. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер: филол.ғыл. докторы дисс. ... авторефераты / Б. Есімсейітов – Алматы, 2002. – 25 б.
- 5 Құрманәлиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докторы ... дисс. / К. Құрманәлиев – Алматы, 2002. – 300 б.
- 6 Қуандықова Д. Етістікті сөзжасамдық ұяның семантикалық сипаты: филол.ғыл.канд. дисс. ... авторефераты / Д. Қуандықова – Алматы, 2005. – 26 б.
- 7 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасының этимологиялық негіздері / Б. Сағындықұлы – Алматы, Қазақ университеті, 2005.
- 8 Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы: Оқу құралы / А. Салқынбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 271 б.
- 9 Қасым Б.Қ. Күрделі зат есімдер сөздігі / Б.Қ. Қасым. – Алматы: Ғылым, 1999. – 110 бет.
- 10 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Т. Жанұзақов, С. Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 1 – том. – 752 бет.

С.С. Шокабаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Словообразовательный потенциал слова «ақ» в современном казахском языке

Аннотация. В казахском языке слово «ақ» относится к словам, которые имеют много значений. В нашем языке это слово является основой для многих производных слов, используемых как существительные, прилагательные и качественные значения. В статье с помощью анализа словообразовательного гнезда определяется словообразовательный потенциал слова «ақ» в современном казахском языке. Лингвистические данные и производные слова, собраны из словарей ученого Б. Касыма «Күрделі зат есімдер сөздігі» и «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». Рассматриваются труды ученых, исследовавших словообразовательное гнездо, так же выявляется 211 производных, образованных от слова «ақ». Кроме того, доказывается, что 15 производных слов образованы синтетическим, 21 лексико-семантическим, 175 аналитическим способом словообразования, 202 словообразовательных пар, 174 словообразовательных цепочек, 3 словообразовательных парадигм и 6 словообразовательных лестниц.

Ключевые слова: «ақ», словообразовательное гнездо, структура, потенциал, аналитический и синтетический, лексико-семантические способы словообразования.

S.S. Shokabayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Word-Building Potential of the Word “Ақ” in the Modern Kazakh Language

Abstract. In the Kazakh language, the word «ақ» belongs to words that have a lot of meanings. In our language, this word is the basis for many derived words used as nouns, adjectives and qualitative meanings. In the article, the word-building potential of the word «ақ» in the modern Kazakh language is determined using the analysis of the derivational family. The linguistic data and derived words are collected from the dictionaries of the scientist B. Kasim «Kördeli Zat Esimder Sөzdigi» («Complex Nouns Dictionary») and «Kazak Adebі Tilinіn Sozdigi» («Dictionary of the Kazakh Literary Language»). The article discusses the works of scientists who have studied the, as well as revealed 211 derivatives formed from the word «ақ». In addition, it is proved that 15 derived words are formed by synthetic, 21 by lexico-semantic, 175 by analytical methods of word-formation, 202 word-formation pairs, 174 word-formation chains, 3 word-formation paradigms and 6 word-formation ladders.

Keywords: «Ақ», derivational family, structure, potential, analytical and synthetic, lexico-semantic methods of word formation.

References

- 1 Buralqyuly M. Qazaq tilinіn tysindirne sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language] (Mektep, Almaty, 2008. P. 608). [In Kazakh]
- 2 Toqqozhaeva O. Qazaq tilindegi sozzhasamdyq uialar sozdigi [Dictionary of Word and Nests in the Kazakh Language] (Almaty, 1996). [In Kazakh]
- 3 Qoqysheva N.M. Qazirgi qazaq tilindegi dene musheleri ataylary negizindegi sozzhasamdyq uialardyn sozzhasamdyq satylaryndagy tyindy sozder: filol. gyl.kand... diss. ... avtoreferaty [Experts in the current Kazakh language have the following keywords in the editorial board:] (Almaty, 2001). [In Kazakh]
- 4 Esimseitov B. Qazirgi qazaq tilindegi sozzhasamdyq tizbeker: filol. gyl.doktory diss... avtoref... [Word-Series Circuits in the Modern Kazakh Language] (Almaty, 2002). [In Kazakh]

- 5 Qyrmanaliev K. Qazaq tilindegi sozhasamdyq yia maselesinin teorialyq negizderi: filol. gyl. doktory... diss. [Theoretical Foundations of the Problem of Word Nesting in the Kazakh Language] (Almaty, 2002). [In Kazakh]
- 6 Qyandyqova D. Eistikti sozhasamdyq yianyn semantikalyq sipaty: filol. gyl.kand. diss. ... avtoref. [The Semantic Nature of the Word-For-Word Noun] (Almaty, 2005). [In Kazakh]
- 7 Sagyndyqyly B. Qazaq tili leksikasynyn etimologiakyq negizderi [Etymological Bases of the Kazakh Language Lexicon] (Almaty, 2005). [In Kazakh]
- 8 Salqynbai A. Qazaq tili soszhasamy: Oqy quraly [Kazakh Language Phrasebook: Tutorial] (Almaty, 2003). [In Kazakh]
- 9 Qasym B. Kurdeli zat esimder sozdigi [Compound Names Dictionary] (Almaty, 1993). [In Kazakh]
- 10 Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq / Qyrast. T. Zhanyzaqov, S.Omarbekov, A.Zhunisbek zhane t.b. [Dictionary of the Kazakh literary language Compiled by: / T. Zhanyzaqov, S.Omarbekov, A.Zhunisbek and other] (Almaty, 2006). [In Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Шокабаева С.С. - филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тіл білімі кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Shokabayeva S.S. - Candidate of Philology, Kazakh Linguistics of the Philological Faculty, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Жазбадерек - Хроника - Chronicle

С.К. Сәтенова

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Рухани жаңғырумен үндес іргелі ғылыми еңбек

*Қазақтың этнографиялық категориялар,
ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.
I-У том. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі.
– Алматы, 2017. Ғылыми басылым.
Толықтырылып, өңделіп екінші рет басылуы.
Барлығы – 4208 бет.*

Пікір жазуымызға себеп болып отырған осы іргелі әрі көлемді ұжымдық бұл ғылыми басылымда түбі бір түркі тектес қазақ халқының байырғы этникалық ортадағы малшылық, егіншілік, аңшылық, тіпті балықшылықпен де байланысты шаруашылық ұйымдастыру жүйесі, энтостың тіршілік қамына тән дүниеліктері айтарлықтай молынан қамтылған. Сонымен қатар бес томдық бұл еңбекте байырғы қазақы ортаның әдет-ғұрып, салт-сана, ежелгі мифтік, политеизмдік наным-сенімдері, дін-мұсылмандықпен байланысты діни таным-білімдеріне ерекше орын берілгенін айрықша атап айтуға болады.

Жобаның авторы және оның ғылыми жетекшісі этнолог ғалым Н. Әлімбаевтың концепциясы бойынша дәстүрлі қазақы қоғамдағы сан алуан қатынастар жүйесін категориялар, ұғымдар, атаулар арқылы бүтіндей қамту жолы көзделген. Бұндай универсалды тәсілді, түптеп келгенде, жоба авторының ерекше ғылыми қисыны келіскен тапқырлығы деп бағалауға болады.

Біздің байқауымызша, аталмыш еңбек негізінен сегіз-тоғыз жүйеден тұрады. Шамамен олар төмендегідей, таратып айтуға болады.

I. Шаруашылық жүйесі: төрт түлік, егіншілік, балықшылық, аңшылық т.б.

II. Артефактілер жүйесі: тері-жүн өңдеу, ағаш ұқсату, киіз басу; сүйек-мүйіз, металл өңдеу; ұсталық, зергерлік, тас қашаушылық өнері т.б.

III. Тіршілік қамы жүйесі: баспана, үй жиһаздары, ыдыс-аяқ, киім-кешек, этнография, этнометеорология, этноастрономия, этноботаника, этномедицина, этноветеринария, этнокалендарь т.б.

IV. Психологеметтік жүйесі: адамның дүниеге келуі, оның әлеуметтік ортасы, адамның есейіп ержетуі, үйлену, қарттық кез, өлім-жітім, өлік жөнелту (үші, жетісі, қырқы, жүзі, жылы мен асы).

V. Қоғамдық-әкімшілік жүйесі: хандық, хан кеңесі, билер билігі, ақсақалдық институт.

VI. Дүниетаным жүйесі: наным-сенімдер, политеизм, бақсылық, тәңіршілдік, дін-мұсылмандық, әулие-әнбиелер, мүрсал пайғамбарлар т.б.

VII. Тіл өнері, жазу-сызу: айтыс, тұрмыс-салт айтысы, қыз бен жігіт айтысы, қайым айтыс, жер-су айтысы, ақындар айтысы т.б.

VIII. Ұлттық ойындар: халықтық спорт, күрес, ат жарыс, көкпар.

IX. Әскери өнер: қару-жарақтар дүниесі, ел қорғау, ұраны, туы, таңбасы т.б.

Аталмыш энциклопедияның мазмұндық құрылымы, байыптап қарағанда, табиғат, адам, қоғам деп аталатын ерекше мәдени-семантикалық үш гипербірліктен тұратыны, олардың өзара ішкі-сыртқы қатынасы, бір-бірімен себеп-салдарлық, шартты, жанама байланыстары айқындалып ашыла түскен. Атап айтқанда, мысалы, табиғат объектілері мен

қоғамның, қоғам мен оның мүшелері болып табылатын субъектілердің өзара әлеуметтік құқықтық, экономикалық қатынастар жүйесінің құрылымы мен этностың туыстық жүйесі ата-баба жолымен реттеліп, қазақы қоғамды ұйыстырып, үйлестіріп, бірегейлендіріп отырған (қараңыз: Ата-баба жолы, Шежіре, Қара шаңырақ). Бұл ретте аталмыш энциклопедиядан билер институты мен ақсақалдық институтының орны мен ролі ерекше болғандығын байқаймыз. Энциклопедия авторлары, әсіресе, қоғамдағы этикалық нормалардың обал-сауап қағидатымен реттеліп отырғандығын айрықша аша түскен (қараңыз: Обал-сауап).

Энциклопедиялық зерттеуде, мысалы, жайылым жай ғана атау емес, ол экологиялық, әлеуметтік және жалпыға ортақ ұлттық мәселелерді қамтитын категория ретінде берілген. Атап айтқанда, жайылымның қазақы ортаны табиғатпен байланыстыратын ең басты категориялардың бірі ретінде талдануы өте құптарлық. Жер бедері тәрізді табиғи факторлардың ерекшеліктерін, қоршаған ортаның экологиялық өзгешеліктерін көшпенділердің өмір тәжірибесінен тереңнен танып білуі, сайып келгенде, халықтың когнитивтік санасындағы категориялармен, ұғымдармен және халықтық атаулармен байланысты болып келеді (қараңыз: Жер бедері).

Қазақ этнографиясы жөніндегі бұрын-соңды зерттеулерде кездесе бермейтін ақ мал, қара мал деп аталатын халықтық атаудың аталмыш энциклопедияның бұл басылымында мәдени-семантикалық коды ашылып, байырғы дәстүрлі түсініктегі ақ малдың «жылқы» екені, яғни күйіс қайырмайтын түлікке жататыны, бірақ адал екені ақ сөзінің семантикалық ерекшелігіне байланыстылығы, ал қара малдың күйіс қайыратын түлікке жататыны этносқа тән дүниетаным екеніне ерекше мән берілген.

Малшылық, егіншілік, аңшылық кәсібімен байланысты және үй шаруашылығындағы еңбек құралдарын лұғаттық мақалаларда авторлар заттық мәдениет аясындағы артефактілер ретінде айтарлықтай ден қойып сипаттаумен қатар, қамшы, құрық, желі, балта, бақан тәрізді атаулардың мәдени-семантикалық өрістегі ерекшеліктері мен рухани әлеміндегі мән-құрал ғана емес, олардың мазмұнын жан-жақты аша түседі. Мысалы қамшы, бір есептен, ат айдайтын биліктің символы, адамды теріс күштерден қорғайтын қасиетті зат ретінде ұғынылады. Қазақы ортада «балтаны баспа, балта басқан байымас», «желіні аттама», «қамшыны жерге тастама» тәрізді әр алуан тыйым сөздер қалыптасқан. Үйлену салтында арқан, бақан, желі тәрізді еңбек құралдары ерекше мән алып, ғұрыптық салт-жоралғылардың құрамдас компонентіне айналады. Авторлар ұжымы қазіргі кезде ұмыт бола бастаған бұндай деректерді аса мол фольклор мұраларын кеңінен қамтып, өткен ғасырлардағы шығыстанушы ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп тиянақтап отырған. Энциклопедия авторлары әсіресе, Ғ.Себепов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ә.Тәжімұратов сынды алдыңғы аға буын зерттеуші-ғалымдардың ғылыми мұрасын, ондағы білімдер жүйесін дамыта түсіп, жаңа деңгейге көтергенін атап айтуға болады.

Қазақ этнографтары, тарихшылары, тіл мамандары ұжымдасып шығарған бұл энциклопедия түркі әлемін танудағы алғашқы зор қадам деуге болады. Осы тәрізді елтанымдық, этнографиялық мазмұндағы салалық энциклопедияларды өзге де түркі елдері қолға алып, жарыққа шығарып жатса, әрине, құба-құп болар еді. Бұндай іргелі ғылыми еңбектерден түркі халықтарының мәдени-этникалық түп-тамырын, одан тарайтын ортақ генезистік дүниелерді, сондай-ақ, әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне, экологиялық ортасына, табиғат ерекшеліктерімен тығыз байланысты өзді-өзіне тән төл мәдениетін, дүниетанымын, әдет-ғұрып, салт-санасын кеңінен, тереңнен тануға мүмкіндік берген болар еді.

Қазақтардың ерте заманнан байырғы тіршілік көзі мал шаруашылығы болғандықтан малдан алатын өнімдер қазақ отбасы үшін баспана, киім-кешек, күнделікті азық, күш-көлік құралы, тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылық құралы ретінде молынан пайдаланылды. Қазақтың бұрынғы көшпелі тұрмысында мал өнімдерінің қалдықсыз технология принципі бойына өңделіп, ысырапсыз қолданылғанын осы энциклопедиядан оқып біледі. Тіпті мал-

дың еті мен сүті, терісі мен жүнінен басқа оның сүйектері, мүйіздері мен тұяқтарынан да алуан түрлі бұйымдар дайындалғаны жан-жақты баяндалып, кезінде мал өнімдері арасында зат-бұйымдар жасауға қажетті шикізат ретінде мал терісінің бірінші орында тұрғаны атап көрсетіледі.

Энциклопедияда әлеуметтік, құқықтық мәселелер кеңінен қамтылған. Айталық, Совет Одағы кезеңіндегі бірсыпыра еңбектерде «қазақ әйелдерінің революцияға дейінгі уақыттағы хал-жағдайы өте нашар болған» деген тәрізді стереотиптер, біржақты ұшқары пікірлер осы күнге дейін кездесетіні байқалады. Алайда бұл энциклопедияның жетістігінің бірі қазақ қыздары мен әйелдеріне байланысты мәселелерге айтарлықтай орын беріп, олардың байырғы отбасындағы, қоғамдағы орны, жай-күйі мен әлеуметтік статусының жоғары болғандығы объективті түрде талданған (қараңыз: Әйел заты, Қыз жасауы, Қыз көші т.б.). Қорыта айтқанда, бұл еңбекте ұзын саны он мыңнан астам этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар қамтылған. Авторлар ұжымы оларды жүйелеп, қазақ тілінің табиғи, тарихи-мәдени қолданыстық кеңістігін қалпына келтіру (реконструкциялау) арқылы халқымыздың әлеуметтік және рухани әлеуетін қамтамасыз етуге ыждаһаттылықпен атсалысқан, Еуразия халықтарындағы тұңғыш жаңа тұрпаттағы энциклопедия болып саналады.

Автор туралы мәлімет:

Сәтенова С.К. - филология ғылымдарының докторы, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының профессоры. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Satenova S.K. - Doctor of Philology, Professor of Translation Theory and Practice Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
Филология сериясы» журналында мақала жариялау ережесі

1. Журналдың мақсаты. Филология ғылымдарының өзекті мәселелерін, тіл және әдебиетті оқыту әдістемелерін және де ғылыми конференциялардың ең маңызды материалдарын, библиографиялық шолу мен сын пікірлерді көрсететін әдебиеттану және тілтану саласындағы мұқият тексеруден өткен түпнұсқа ғылыми жұмыстарды жариялау.

2. Журналда мақаланы жариялаушы автор Ғылыми басылымдар бөліміне (мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 2, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Бас ғимарат, 408 кабинет) қолжазбаның қол қойылған 1 дана қағаз нұсқасын тапсыру және **Word** форматындағы нұсқасын **vest_phil@enu.kz** электрондық поштасына жіберу қажет. Қағазға басылған мақала мәтіні мен электронды нұсқасы бірдей болулары қажет. Мақаламен бірге автордың жұмыс орнынан **Ілеспе хат** та тапсырылуы қажет. Мақалалар **қазақ, орыс, ағылшын** тілдерінде қабылданады.

3. Авторлардың редакцияға мақалаларды жіберуі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысында» басуға және шет тіліне аударып, қайта басуға келісімін білдіреді. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы өз туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына, барлық көшірмелердің, кестелердің, сұлбалардың, иллюстрациялардың тиісті түрде рәсімдеуіне кепілдеме береді.

4. Ұсынылатын мақала көлемі (жекедеректер мен әдебиеттер тізімін қоса):

- мақалалар үшін - 8 ден 16 бетке дейін;

- сын пікірлер (монографияға, кітапқа) және конференция туралы пікір - 6 дан 12 бетке дейін.

5. Мақала мәтінінің пішіні:

– **Microsoft Word** (docx) форматындағы файлда;

– **Times New Roman** шрифінде;

– жақтау жолағы 2x2x2x2;

– 1,5 жоларалық интервалы;

– 14 кегл;

– мәтінді жақтау көлеміне сәйкестендіру керек;

– Әрбір азатжол қызыл сызықтан басталуы қажет (1 см шегініс);

– **транслитерация** Library of Congress (LC) жүйесінде жасалуы керек.

Мақаланы құру сұлбасы:

XҒТАР <http://grnti.ru/> - бірінші жолдың сол жақтауында;

Автор(лар) туралы метамәліметтердің мазмұны (Рәсімдеу үлгісі / Образец оформления статьи / Template қараңыз)

Автор(лар)дың аты-жөні – жолдың ортасында **қою әріппен** жазылады;

Мекеменің толық атауы, қаласы, мемлекеті (егер авторлар әртүрлі мекемелерде жұмыс істесе, онда автордың тегі мен тиісті мекеменің қасында бірдей белгіше қойылады)

Автор(лар)дың **E-mail**-ы – жақша ішінде (*курсивпен*);

Мақала атауы – жолдың ортасында (жартылай қоюмен)

Аңдатпа – (100-200 сөз) формуласыз, мақаланың атауын мейлінше қайталамауы қажет; әдебиеттерге сілтемелер болмауы қажет; мақаланың құрылысын (кіріспе, зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі, зерттеу нәтижелері, қорытынды) сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұны берілуі қажет.

Түйін сөздер («Түйін сөздер» сөз тіркесі **жартылай қоюмен** белгіленеді) (5-8 сөз немесе сөз тіркестері) - Түйін сөздер зерттеу тақырыбын өте дәл бейнелеу керек, сонымен қатар, ақпараттық-ізвестіру жүйелерінде мақаланы жеңіл табуға мүмкіндік беретін мақала мәтінінің терминдерін және де басқа маңызды ұғымдарды қамтуы қажет.

Мақаланың негізгі мәтіні кіріспені, мақсат пен міндеттерді қоюлуын, зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстардың шолуын, зерттеу әдістерін, нәтижелер/талқылау қорытынды қамтуы қажет (жоларалық интервал - 1, азат жол «қызыл жолдан» - 1 см, беттеу жолағы – еніне сай жасалады.

Кестелер, суреттер – аталғаннан кейін орналастырылады. Әр иллюстрация қасында оның аталуы болуы қажет. Сурет айқын әрі сканерден өтпеген болуы керек.

Мақаладағы формулалар тек мәтінде оларға сілтеме берілсе ғана нөмірленеді.

Жалпы қолданыста бар аббревиатуралар мен қысқартулардан басқаларына міндетті түрде алғаш қолданғанда түсініктеме берілуі қажет.

Қаржылай көмек туралы ақпарат бірінші бетте көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі. Мәтінде әдебиеттерге сілтеме тікжақшаға алынады. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміне сілтемелердің нөмірленуі мәтінде қолданылуына қатысты жүргізіледі: мәтінде кездескен әдебиетке алғашқы сілтеме [1, 153 б.] арқылы, екінші сілтеме [2, 185 б.] арқылы т.с.с. жүргізіледі. Мақаланың негізгі мәтініндегі кітапқа сілтеме қолданылған беттерді көрсету керек (мысалы, [1, 45 б.].

Жарияланбаған еңбектерге сілтемелер жасалмайды. Сонымен қатар, рецензиядан өтпеген басылымдарға да сілтемелер жасалмайды (әдебиеттер тізімін, әдебиеттер тізімінің ағылшынша әзірлеу үлгісін төмендегі мақаланы рәсімдеу үлгісінен қараңыз).

Мақала соңындағы әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтер орыс және ағылшын тілінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылған болса) беріледі.

Авторлар туралы мәлімет: аты-жөні, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, жұмыс орнының мекенжайы, телефон, e-mail – қазақ, орыс және ағылшын тілінде толтырылады.

6. Қолжазба мұқият тексерілген болуы қажет. Техникалық талаптарға сай келмеген қолжазбалар қайта өңдеуге қайтарылады. Қолжазбаның кейін қайтарылуы, оның журналда басылуына жіберілуін білдірмейді.

7. Электронды корректурамен жұмыс істеу. Ғылыми басылымдар бөліміне түскен мақалалар жабық (анонимді) тексеруге жіберіледі. Эксперттер ұсынылған мақалаға оның жариялау мүмкіндігі, жақсарту қажеттілігі немесе қабылданбауы туралы дәлелді қорытындысын қамтитын жазбаша сын пікір береді. Жарамсыз деп таныған мақала қайтара қарастырылмайды. Мақаланы түзетуге ұсыныс берген жағдайда авторлар үш күн аралығында мақаланың корректурасын жіберу керек. Мақаланың түзетілген нұсқасы мен автордың рецензентке жауабы редакцияға жіберіледі. Оң сын пікірлер алған мақалалар оларды талқылау және басылымға бекіту үшін журналдың редакциялық алқасына ұсынылады.

Журнал жиілігі: жылына 4 рет.

8. Төлемақы. Басылымға рұқсат етілген мақала авторларына келесі реквизиттер бойынша төлем жасау қажет (ЕҰУ қызметкерлері үшін - 4500 тенге; басқа ұйым қызметкерлеріне - 5500 тенге).

Реквизиттері:

АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: КСJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)
Кнп 861
Кбе 16

АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073 (KZT)

АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847

«Мақала үшін, автордың АТЫ-ЖӨНІ»

Provisions on articles submitted to the journal “Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series”

1. Goal of the journal. Publication of carefully selected original scientific papers in the fields of literary studies, linguistics, reflecting the actual problems of philology, language and literature teaching methods, most significant proceedings of scientific conferences, bibliographic summaries and reviews.

2. An author who wishes to publish a paper in the journal must submit the paper in one hard copy (printed version), signed by the author, to the scientific publication office (at the address: 010008, the Republic of Kazakhstan, Astana, Satpayev St., 2. The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Main Administrative Building, Office 408) and by e-mail **vest_phil@enu.kz** in **Word** format. At the same time, strict compliance between Word-version and the hard copy is required. And also the authors need to submit a cover letter.

Language of publications: Kazakh, Russian, English.

3. Submission of papers to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, the L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish papers in the journal and their re-publication in any foreign language. By submitting the text of the paper for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about themselves, lack of plagiarism and other forms of unauthorized use in the article, proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, and illustrations.

4. The recommended volume of the paper (including metadata and references):

- for papers – between 8-16 pages;
- for reviews (of monographs, books), reviews on conferences – between 6-12 pages.

5. Text formatting requirements:

- Microsoft Word file format (docx);
- Times New Roman font;
- the size of the fields 2 * 2 * 2 * 2;
- line spacing 1,0;
- size 14;
- text alignment in width;
- each paragraph beginning with the main line (indent 1 cm);
- transliteration is carried out according to the Library of Congress (LC) system.

Structure of the article:

IASTI <http://grnti.ru/> – first line, left

The content of the metadata about the author (see Рәсімдеу үлгісі / Paper template)

Initials and Surname of the author (s) – center alignment, italics

Full name of the affiliation, city, country (if the authors work in different organizations, you need to put the same icon next to the name of the author and the corresponding organization)

Author's e-mail (s) – in brackets (italics)

Paper title – center alignment (bold)

Abstract (100-200 words) must not contain formulas or repeat the content of the paper; it must not contain bibliographic references; it must reflect the summary of the paper, preserving the structure of the paper – introduction, methodology and research methods, research results, conclusion.

Key words (the phrase «Keywords» is bold) (5-8 words/word groups). Keywords must be extremely accurate to reflect the subject area of the study, include terms from the text of the paper and other important concepts that make it possible to facilitate and expand the possibilities of finding the paper by means of an information retrieval system).

The main text of the paper must contain an introduction, setting goals and objectives, a review of works on the research topic, research methods, results / discussions conclusion / conclusions – line spacing – 1, «main line» indent – 1.25 cm, justified alignment.

Tables, figures must be placed after the mention. Each illustration must be followed by the inscription. Figures should be clear, clean, and unscanned. Only those formulas referenced in the text are subjected to numbering.

All abbreviations and shprtenings, with the exception of obviously well-known, must be decoded when first used in the text.

Information about the financial support of the work is indicated on the first page in the form of a footnote.

References. In the text, references are indicated in square brackets. References must be numbered strictly in the order of mention in the text. The first reference in the text to a reference must have the number [1, 153 p.], the second – [2, 185 p.], Etc. The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 45 p.]). Links to unpublished works are not allowed. Undesirable references to unlicensed publications are not recommended (examples of the description of the list of references, descriptions of the list of references in English, see below in the sample article).

At the end of the paper, after the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data in Russian and English (if the paper is in Kazakh), in Kazakh and English (if the paper is in Russian) and in Russian and Kazakh (if the paper is in English language).

Information about the authors: last name, first name, patronymic, scientific degree, position, affiliation, full business address, telephone, e-mail – in Kazakh, Russian and English.

6. The manuscript must be carefully verified. Non-compliant manuscripts will be returned for revision. Returning for revision does not mean that the manuscript has been accepted for publication.

7. Work with electronic proofreading. Papers submitted to the Department of Scientific Publications (editing office) are sent for anonymous review. Experts give a written review of the submitted paper with a reasoned conclusion about the possibility of its publication, the need to send for revision or (rejection) of the paper. Papers that have received a negative review are not accepted for reconsideration. Authors should, within three days, send the proofreading of the paper if it is decided to finalize the paper. Corrected versions of papers and the author's response to the reviewer are sent to the editor. Papers with positive reviews are submitted to the editorial board of the journal for discussion and approval for publication.

Periodicity of the journal: 4 times a year.

8. Payment. Authors who have received a positive opinion on publication must pay to the following banking details (for ENU employees – 4,500 KZT, for outside organizations – 5,500 KZT):

Реквизиты:

АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: КСJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)
Кнп 861
Кбе 16

АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073 (KZT)

АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847

«За публикацию ФИО автора»

Положение о рукописях, представляемых в журнал «Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия Филология»

1. Цель журнала. Публикация тщательно отобранных оригинальных научных работ в области литературоведения и языкознания, отражающих актуальные проблемы филологических наук, методы преподавания языка и литературы, а также наиболее значимые материалы научных конференций, библиографические обзоры и рецензии.

2. Автору, желающему опубликовать статью в журнале, необходимо представить рукопись в твердой копии (распечатанном варианте) в одном экземпляре, подписанном автором, в Отдел научных изданий (по адресу: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Учебно-административный корпус, каб. 408) и по e-mail **vest_phil@enu.kz**. При этом должно быть строго выдержано соответствие между **Word**-файлом и твердой копией. А также авторам необходимо представить **сопроводительное письмо**.

Язык публикаций: казахский, русский, английский.

3. Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя – Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева – публикации статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке. Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций.

4. Рекомендованный объем (включая метаданные и список литературы):

- для статей – от 8 до 16 страниц;
- для рецензий (на монографии, книги), отзывов о конференциях – от 6 до 12 страниц.

5. Требования к форматированию текста:

- формат файла Microsoft Word (docx);
- шрифт Times New Roman;
- размер полей 2*2*2*2;
- междустрочный интервал 1,0; – кегль 14;
- выравнивание текста по ширине;
- каждый абзац должен начинаться с красной строки (отступ 1 см);
- транслитерация осуществляется по системе Library of Congress (LC).

Схема построения статьи:

ГРНТИ <http://grnti.ru/> – первая строка, слева

Содержание метаданных об авторе (см. Рәсімдеу үлгісі/Образец оформления статьи/ Template)

Инициалы и фамилия автора(ов) – выравнивание по центру (начертание курсивом)

Полное наименование организации, город, страна (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации)

E-mail автора(ов) – в скобках (начертание курсивом)

Название статьи – выравнивание по центру (начертание полужирным)

Аннотация (100-200 слов) не должна содержать формулы, по содержанию повторять название статьи; не должна содержать библиографические ссылки; должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи – введение, методологию и методику исследования, результаты исследования, заключение.

Ключевые слова (словосочетание «Ключевые слова» выделяется полужирным) (5-8 слов/словосочетаний). Ключевые слова должны предельно точно отражать предметную область исследования, включать термины из текста статьи и другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационно-поисковой системы).

Основной текст статьи должен содержать введение, постановку цели и задач, обзор работ по теме исследования, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы – межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» – 1,25 см, выравнивание по ширине.

Таблицы, рисунки необходимо располагать после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть четкими, чистыми, несканированными. В статье нумеруются лишь те формулы, на которые по тексту есть ссылки.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

Сведения о финансовой поддержке работы указываются на первой странице в виде сноски.

Список литературы. В тексте ссылки обозначаются в квадратных скобках. Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1, 153 с.], вторая - [2, 185 с.] и т.д. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например, [1, 45 с.]). Ссылки на неопубликованные работы не допускаются. Нежелательны ссылки на нерцензируемые издания (примеры описания списка литературы, описания списка литературы на английском языке см. ниже в образце оформления статьи).

В конце статьи, после списка литературы, необходимо указать библиографические данные на русском и английском языках (если статья оформлена на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья оформлена на русском языке) и на русском и казахском языках (если статья оформлена на английском языке).

Сведения об авторах: фамилия, имя, отчество, научная степень, должность, место работы, полный служебный адрес, телефон, e-mail – на казахском, русском и английском языках.

6. Рукопись должна быть тщательно выверена. Рукописи, не соответствующие техническим требованиям, будут возвращены на доработку. Возвращение на доработку не означает, что рукопись принята к опубликованию.

7. Работа с электронной корректурой. Статьи, поступившие в Отдел научных изданий (редакция), отправляются на анонимное рецензирование. Эксперты дают письменную рецензию на представленную статью с мотивированным заключением о возможности ее опубликования, необходимости направить на доработку или (отклонении) статьи. Статьи, получившие отрицательную рецензию, к повторному рассмотрению не принимаются. Авторам в течение трех дней необходимо отправить корректуру статьи в случае принятия решения о доработке статьи. Исправленные варианты статей и ответ автора рецензенту присылаются в редакцию. Статьи, имеющие положительные рецензии, представляются редколлегии журнала для обсуждения и утверждения для публикации.

Периодичность журнала: 4 раза в год.

8. Оплата. Авторам, получившим положительное заключение к опубликованию, необходимо произвести оплату по следующим реквизитам (для сотрудников ЕНУ – 4500 тенге, для сторонних организаций – 5500 тенге):

Реквизиты:

АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: КСЖВКЗКХ
ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)
Кнп 861
Кбе 16

АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073 (KZT)

АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847

Редактор: Дихан Қамзабекұлы
Шығарушы редактор: І.Р. Құрманғалиев
Дизайн: Ілияс Рысбекұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы.
- 2018. - 4 (125). - Астана: ЕҰУ. 154-б.
Шартты б.т. - 20,0 Таралымы - 30 дана

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 2.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: (87172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
баспасында басылды